



ҰЛТТЫҚ МЕРЕКЕ



ЕГЕМЕНДІК ДЕКЛАРАЦИЯСЫ

САЙЛАУ – 2022

4



ӘРКІМНІҢ ДАУЫСЫ МАҢЫЗДЫ!

5



ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ШАҒАР БАСШЫСЫ ТҰРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСЕДІ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың Бостандық ауданының тұрғындарымен кездесуі 2022 жылдың 20 қазанында, сағат 9.00-де Розыбакиев көшесі, 227 мекенжайдағы Almaty Management University ғимаратында өтеді.

Кездесуді онлайн-режимде «Алматы» телеарнасының YouTube парақшасынан және Бостандық әкімдігінің Facebook парақшасынан көруге болады.

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(ертең)

19.10.2022

Түнде:



+5+7 °C

Көшпелі бұлтты,
кей уақытта жаңбыр.

Күндіз:



+11+13 °C

Көшпелі бұлтты,
кей уақытта жаңбыр.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №122 (6257) 18 қазан, сәуірсенбі, 2022 жыл.

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

АЛМАТЫ АЛДА КЕЛЕДІ

Шағар жеке инвестициялар көлемі жөнінен
өңірлер арасында бірінші орында тұр



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевты қабылдады

Мемлекет басшысына Алматы қаласының биылғы тоғыз айдағы әлеуметтік-экономикалық дамуының алдын ала қорытындысы туралы есеп берілді. Қала әкімі Президентке экономиканың тұрақты өсімін қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмаларының орындалуы жөнінде баяндады. Алматы жеке инвестициялар көлемі жөнінен (22,4 пайыз) өңірлер арасында бірінші орында.

2

АРХЕОЛОГИЯ

САҚ ДӘУІРІ ЖАУЫНГЕРІНІҢ ҚОРЫМЫ ТАБЫЛДЫ



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Алматы қаласы Алатау ауданының аумағында сақ дәуірінің жауынгері жерленген қорым табылды. Жауынгер б.з.д. V-II сақ дәуірінде өмір сүргендігі анықталды. Жұмыс барысы ерте темір дәуірінің апаттық қорғандарындағы археологиялық қазба жұмыстары кезінде анықталған.

2

ҚЫСҚА...

- Мемлекет басшысына Президент жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның қызметі жөнінде есеп берілді.
- 2022 жылдың 1 қыркүйегіндегі жағдай бойынша еліміздегі халық саны 19 666,8 мың адамды құрады.
- 2022 жылдың 9 айында қазақстандықтарға 2,2 трлн теңгеден астам сомаға зейнетақы төленді.
- 2025 жылы нормативке сай жолдардың үлесі 100 пайызға дейін жеткізіледі.
- Қазақстанда алғаш рет дәстүрлі садақ атудан республикалық чемпионат өтті.
- Елімізде жер сілкінісі болатынын ертерек анықтап, хабарлауға жасанды интеллект көмектеседі.
- Кірістерді жылыстату және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл күшейтілмек.
- Алматыда 17 қазанда жылыту маусымы басталды.
- Мегаполисте тұрғындарға тегін көшет таратылады.
- Сырттай оқуға болатын мамандықтарға өзгерістер енгізілді.

www.almaty-akshamy.kz



ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
+7 707 932 39 18 телефондары бойынша хабарласыңыз!





ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

АЛМАТЫ АЛДА КЕЛЕДІ

Шаһар жеке инвестициялар көлемі жөнінен
өңірлер арасында бірінші орында тұр

(Басы 1-бетте)

Есеп беріліп отырған кезеңде қысқамерзімді экономикалық индикатор 105 пайызға жеткен. Өңдеуші өнеркәсіп – өсімнің негізгі драйверіне айналды. Негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 22,1 пайызға артқан.

Қалада іскерлік белсенділік қалпына келді. Биылғы тоғыз айда жұмыс істейтін шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 37,2 пайызға артты.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа Алматы қаласын дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасының жүзеге асырылуы және 2030 жылға дейінгі ортамерзімді перспективалары, сонымен қатар дамудың бекітілген негізгі басымдықтарын ескере отырып, қаланың 2040 жылға дейінгі жаңа Бас жоспарын әзірлеу барысы туралы баяндалды. Мемлекет басшысына инженерлік инфрақұрылымды дамыту жұмыстары, мектептердегі орын тапшылығын

төмендету үшін қабылданып жатқан шаралар, бірыңғай бейнемониторинг жүйесін құру жөніндегі тапсырмасының орындалу барысы туралы мәлімет берілді.

Кездесу соңында Президент қаланың экономикасын одан әрі әртараптандыру және инфрақұрылымын жаңғырту жөнінде тапсырма берді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

АРХЕОЛОГИЯ

САҚ ДӘУІРІ ЖАУЫНГЕРІНІҢ
ҚОРЫМЫ ТАБЫЛДЫ

Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

(Басы 1-бетте)

Қабірден алтынмен безендірілген қылыштың сынықтары, сондай-ақ аң бейнесіндегі суреттер бар алтыннан жасалған киімге арналған кірістірулер, күміс қорытпасынан жасалған киімдер табылды. Жауынгер 3 метрден астам тереңдікте орналасқан ағаш қорапта болды.

«Қазба жұмыстары жыл сайын жүргізіледі, бірақ мұндай сәтті олжалар сирек кездеседі. Соңғы рет 2014 жылы киімнің алтын сынықтары табылған еді. Міне, күні кеше мүрдесі мүлдем бұзылмаған сақ жауынгерін таптық. Бұл біз үшін қуантарлық жаңалық. Алдағы уақытта бұл заттарды «Алматы музейінен» көре аласыздар. Негізі, тағы да қазба жұмыстары жүргізіледі. Осы ретте Алматы қаласы әкімдігіне, тынбай еңбектеніп келе жатқан археологтарға алғысымызды білдіреміз», – деді «Алматы қаласы мұражайлар бірлестігі» КМҚК директоры Ләззат Сағындықова.

Аталған мекеме Алматы қаласы Мәдениет басқармасының тапсырысы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Археологтар мен тарихшыларды қуантып

отырған тағы бір жағдай – қорымдардың жақсы сақталуы. Жәдігер тұрмақ, бұл маңайдың топырағы да түртілмеген.

«Қазба жұмысы жүргізілген кезде дақтар пайда болды. Осылайша қатар тізілген тастарды да көзіміз шалды. Қарап отырсаңыз, бұл жерде тастар жоқ. Басқа жактан арнайы әкелінген. Қорымның диаметрі 2 метрден асады. Жауынгердің жас емес екендігі анық. Оны бас сүйегінен байқауға болады. Бойының ұзындығы 1,60 болады деп шамалап отырмыз. Қазба жұмысы тағы да жүргізіледі. Себебі, әлі де заттар табылып қалуы мүмкін», – дейді археолог, Алматы қаласы Музейлер бірлестігінің аға ғылыми қызметкері Мұрат Нұрпейісов.

Археологиялық мәліметтер бойынша сақ тайпалары Қазақстан аумағын б.з.б. VII-IV ғ.ғ. мекендеген. Сақ тайпалары әртүрлі аталған. Сақтарды ежелгі грек авторлары «Азиялық скифтер», парсы ескерткіштерінде «Құдіретті еркектер», Иран жазбаларында «Жүйрік атты турлар» деп атаған. Сақтарда негізінен әскери қоғам болды. Сақтардың этномәдени ареалына көптеген тайпалар кіреді. Олардың нақты санын белгілеу мүмкін емес, грек деректерінде – даилар, массагеттер, исседондар, т.б. парсы деректерінде – сақ-хаомоварта, сақтиграхауда, сақ-парадарайа деп аталады.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Алматыға кейіннен қосылған ықшамаудандарда болмаса, жалпы, қала көшелерінің басым бөлігінде жолдардың жағдайы жақсы деуге болады.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Мегаполистегі орталық көшелер тегіс асфальт жабынымен жабықталған. Бағдаршам, жаяу жүргінші жолдары барлығы талапқа сай. «Сергеке» камералары да жолдағы заңбұзушылықтарды анықтауға сеп болып тұр. Ендігі мәселе, шеткі аудандардағы жолдың жағдайын түзеу. Қазіргі таңда қала билігі дәл осы бағыттағы жұмыстарға басымдық беруде.

Осы орайда сәуір айында қала әкімі Ерболат Досаевтың төрағалығымен мердігерлік ұйымдар басшыларының, ғылыми мекемелер мен техникалық қадағалау мамандарының, жол-құрылыс материалдарын жеткізушілердің қатысуымен өткен қаланың жол инфрақұрылымын дамыту мәселелері жөніндегі кеңесін айтуға болады. Онда жол инфрақұрылымын дамытудың 2022 жылға арналған жұмыс жоспарының орындалуы туралы есеп тыңдалып, жоспарға жолайрықтарын салу, көшелерді ұзарту, жол салу, орташа және ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу, сондай-ақ жол қозғалысын ұйымдастыру және т.б. мәселелер қозғалған-ды. Кеңес барысында қала әкімі нарықтың талаптарына сай барлық ұсыныстарды пысықтауды, сондай-ақ құрылыс жұмыстарының сапасын арттыру үшін стандарттар мен әдістерді



жетілдіру бойынша нақты шешімдерді ұсынуды тапсырған болатын.

Қала әкімінің тапсырмасынан кейін Алматыда жол-құрылыс жұмыстарының сапасына бақылау күшейіп, жөндеуді қажет ететін көшелердің бірқатарында жол қозғалыстары ішінара шектеліп, күрделі жол жөндеу жұмыстары үздіксіз жүргізілді. Арасында көшелері жабылып, диттеген жеріне жаяу жол тартқан тұрғындар ешқашан бітпейтін жол жұмысына қатысты әлеужелілерде өкпеназдарын айтып жатты.

Жасыратыны жоқ, бұл тақырып шаһар басшысының аудан тұрғындарымен кездесуінде де шешімін күткен күрделі мәселе-

лердің бірі ретінде жиі айтылады. Бірақ бұл «үрлей салып көзің қайсы» дейтіндей, жылдам орындала қоятын жұмыс емес. Жол жөндеу үшін қаншама жұмыс күші мен арнайы техникалар тартылады. Мәселен, қазіргі уақытта Алматының шеткі аудандарының барлығында жолдардың пайдалану сипаттамаларын жақсарту мақсатында жол жөндеу жұмыстары жүріп жатыр.

Атап айтар болсақ, Медеу ауданында жалпы ұзындығы 21,4 км болатын 29 көшеге, Алатау ауданында 42 шақырым болатын 53 көшеге орташа жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Ерболат Досаевтың айтуынша, бүгінде Рысқұлов, Райымбек даңғылдары, Жаңа

МЕРЕЙ

Ару қала Алматыда II халықаралық «Исабеков әлемі» атты театр фестивалі өз мәресіне жетті. Қазақстан Республикасының көрнекті жазушы-драматургі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Дулат Исабековтің 80 жылдық мерейтойына арналған бұл фестивальге 6 театр ұжымы қатысты.

САЛИҚАЛЫ ҒҰМЫРДЫ СЫРЛЫ
ҚАЛАМҒА СЕРІК ЕТКЕН

Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Ақтолық
ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ

Жазушының мерейтойына Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев, Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев және зиялы қауым өкілдері қатысты.

Қаламгер шығармашылығына ерекше ықыласын білдірген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Құттықтау хатын Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев оқып берді. Онда: «Құрметті Дулат Исабеков! Сізді мерейтойыңызбен құттықтаймын! Халқымыз өзіңізді қазақ әдебиетінің көш керуені ілгері басуына сүбелі үлес қосып келе жатқан көрнекті қаламгер ретінде жақсы біледі және қадірлейді. Сіздің қаламыңыздан шыққан тартымды туындылар ұлттық рухани мәдени қазынамызды байыта түсті. Шынайы өмірді арқау еткен шығармаларыңыз негізінде түсірілген көркем фильмдер талғамы биік көрермендердің жоғары бағасына ие болды. Қазақ драматургиясының өркендеуіне сіңірген

еңбегіңіз де өте мол. Заманның тыныс-тіршілігін айшықтап көрсете білген пьесаларыңыз еліміз бен әлем театрларының сахналарында тұрақты қойылып келеді. Әрдайым өнегелі өмір жолыңызбен кейінгі толқынға үлгі көрсетіп, қолға алған істеріңіз сәтті жүзеге аса беруіне тілектестік білдіремін. Сізге зор денсаулық, отбасыңызға бақ-береке тілеймін», делінген.

Фестиваль барысында Түркия, Грузия, Австралия және еліміздің республикалық, облыстық театр ұжымдары жазушы шығармалары бойынша қойылған спектакльдерді сахналаудан өзара сайысқа түскен болатын. Бір аптаға созылған фестивальге көрермен ықыласы ерекше болды. Өнер ұжымдары жазушының «Бөрте», «Актриса», «Жүз жылдық махаббат» және «Мұрагерлер» сынды туындыларын сахналады. Аталған сала майталмандарының сөзінше, қазақ драматургиясының еңбегіне шетелдіктердің қызығушылық танытуы бекер емес. Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрында бос орын болмады.

(Материалдың толық нұсқасын газетіміздің келесі нөмірінен оқи аласыздар).

ЖОЛ ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ ҚАШАН АЯҚТАЛАДЫ?

Саин, Өтемісұлы көшелері, сондай-ақ «Дархан», «Саялы», «Ұлжан», «Өжет», «Көкқайнар» шағынаудандары бойынша жұмыстар аяқталды. Жыл соңына дейін «Алғабас» және «Ақбұлақ» шағынаудандарындағы жолдар орташа жөндеу жұмыстары аяқталады.

«Кейде қала тұрғындарын түсінбейміз. Құрылыс материалдары сапасыз ба, әлде мердігерлер өз жұмысына жауапсыз қарай ма? Неге былтыр ғана асфальт төселген жолды биыл қайта қазып, бүлдіріп жатырсыздар?» деп шағым айтып, ренжиді. Бұл жұмыстардың барлығы кезең-кезеңімен арнайы жоспарға сәйкес жүргізілетінін көпшілігі білмейді. Темір де тозып, тат баспай ма? Кейде апатты жағдайлардың алдын алу мақсатында жылу желілері, кәріз желілерін тексеру жұмыстары жүреді. Сондай сәттерде жолдарды қазуға тура келеді. Осыны қала халқы дұрыс түсінсе екен», – дейді жол саласының мамандары.

Бүгінде Алматының көше-жол желісінің ұзындығы 3096 шақырымды құрайды. Сала мамандарының айтуынша, жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жолдар үлесінің көрсеткішін 95%-ға дейін жақсарту үшін 2025 жылға қарай 290 шақырым жаңа жол салу, жыл сайын ұзындығы кемінде 200 шақырым жолдарға орташа жөндеу және 350 мың шаршы метрден астам асфальтбетон жабынына ағымдағы жөндеу жүргізу жоспарлануда.

Рас, диттеген жеріне кім де болса аман-есен, еш қиындықсыз жеткенді қалайды. Өйткені, жолың жақсы болса, көлігің тыныш, көңілің жай болады.



ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ДИКТАНТ

САУАТТЫЛЫҚ САБАҒЫ

Алматы қаласы бойынша білім ошақтарының тәлімгерлері республикалық жалпыұлттық диктантқа қатысты

Республика күні қарсаңында еліміз бойынша мектеп оқушылары мен колледж студенттері Отанға деген құрмет ретінде патриоттық тақырыпта диктант жазды. Жалпыұлттық диктант бүкіл ел бойынша 17 қазан күні, сағат 10.00-де басталды. Республикалық патриоттық диктанттың негізгі тақырыбы – «Туған жер», «Біздің Отанымыз», «Родная земля». Диктант қазақ және орыс тілдерінде өткізілді.

Республикалық жалпыұлттық патриоттық диктант Алматы қаласының барлық колледждері мен мектептерінде де өтті. Атап айтқанда, М.Мақатаев атындағы №140 гимназияның 8–11-сынып оқушылары, №1 Алматы қазақ мемлекеттік гуманитарлық педагогикалық колледжі мен «Алматы мемлекеттік сервис және технологиялар» колледжінің студенттері мен қаланың басқа да оқу орындарының білім алушылары диктант жазуға белсене қатысты.

Алматы қазақ мемлекеттік гуманитарлық педагогикалық колледжінің 200-ден астам 1, 2-курс студенті диктант жазды. Колледж директоры Мағишат Таскалиқызының айтуынша, педагогикалық колледждің студенттері диктантты өте сауатты жазады. «Жалпы, диктант жазу жас ұрпақтың сауаттылығын арттырып қана қоймай, патриоттық рухын да оятады», – дейді колледж басшысы.

Алматы мемлекеттік сервис және технологиялар колледжі директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Мөлдір Абдреймованың айтуынша, студенттер Жүсіпбек Аймауытовтың туған жер туралы керемет жазбасын өздері оқып-жазудың арқасында біраз тәлім-тәрбиені бойларына сіңірмек. Сондай-ақ, жалпыұлт-

тық диктантқа қатысқан студенттер де диктант туралы өздерінің оң пікірлерін білдірді:

«Бүгін туған жер туралы диктант жаздық. Жүсіпбек Аймауытовтың сөздері керемет ой саларлық дүние екен. Мұндай іс-шаралар көп болса, Отанымызға деген сүйіспеншілік арта түседі деп ойлаймын. Алдағы Республика күніне де асыға күтемін», – деді 1-курс студенті Айым Амантай.

Алматыдағы М.Мақатаев атындағы №140 гимназияның директоры Сәния Өскенбайқызының айтуынша, диктанттың ең басты ерекшелігі – жас ұрпақтың ұлттық тұрғыдағы дүниетанымын кеңейтіп, сонымен қатар жазу сауаттылығын арттыру.

«Ұлттық мектептерге Жүсіпбек Аймауытовтың «Қартқож» романынан үзінді берілген екен. Шығарманың ең шұрайлы, әсерлі жерін алғаны көрініп тұр. Сөз зергері туған жердің тауы мен тасы, өзен-көлінің баға жетпес сұлулығын көркем тілмен суреттеген. Тіпті, тыңдап отырған адамның тұла бойы шымырлап кетеді. Оның үстіне қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері де мәтінді жәй ғана оқып бермей, барынша эмоционалды түрде, образға еніп, жүрекке жеткізе оқып жатыр. Бұл ретте оқушылардың мәтінді түсіне отырып,



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

туған жердің табиғатын, баға жетпес байлығын көзбен көргендей, көңілге түйіп отырғаны анық. Диктантты тек сауатты жазып қана қоймай, балалардың дүниетанымы, туған жерге деген құштарлығы арта түсті деп ойлаймын. Бұл, әрине, мектеп оқушыларының алдағы мерекеге үлкен тартуы болды. Сөз жоқ, оқушыларымыздың танымдық тұрғыда керемет ой түйіп, мол ақпарат алғаны анық. Алғаш рет 2010 жылы Ресейде оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру үшін жаппай диктант жазу үрдісі басталған еді. Біздің елімізде де жаппай диктант жазу үрдісі денсаулық саласына байланысты, індеттің алдын алу үшін жазылып келді. Сол диктанттардан бұл диктанттың ерекшелігі патриоттық тақырыпта болғандығы. Ауыр терминдер жоқ деп ойлаймын. Мектебіміздің диктант жазған 650-ден астам оқушысының бойында патриоттық сезімнің қалыптасқаны анық», – дейді мектеп басшысы.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Сымбат ҚЫСТАУБАЕВА,
М.Мақатаев атындағы №140 гимназиясының 11 «ә» сынып оқушысы:

– Мәтінді тыңдап отырғанда, бойымды ерекше мақтаныш сезімі биледі. Мұндағы тақырып та дұрыс тандалған. Диктантты жаза отырып, сыныптастарымның бойында туған жерге деген перзенттік махаббаттың басым екенін байқадым. Іштей «тезірек азамат атанып, елімнің керегіне жарасам екен» деген сезім пайда болды. Мен үшін туған жерге деген мақтаныш сезімді осылайша жазу да, беріле еңбек ету де еш қиын емес. Диктанттың соңында керемет сезімді басымнан кешірдім. Өзімнің осы елдің азаматы екеніме мақтандым.

Әліби ӘУЕСБЕК,
М.Мақатаев атындағы №140 гимназиясының 10 «а» сынып оқушысы:

– Шыны керек, өз басым өте әсерлендім. Бұл диктантты бүкіл еліміздің мектеп оқушылары жазып жатса, онда бұл бізге өте зор жауапкершілік жүктеп отыр деген сөз. Басқа сыныптастарымның да әсерлері ерекше болды деп ойлаймын. Рас, сөздік қорымыз да байыды. Бұрын кездеспеген сөз тіркестерін кездестірдім. Алдағы уақытта сол сөздерді мен де қолданыста пайдаланамын деп ойлаймын. Жалпы, диктантты жақсы жазып шықтым.

Алғаш рет 2010 жылы Ресейде оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру үшін жаппай диктант жазу үрдісі басталған еді. Біздің елімізде де жаппай диктант жазу үрдісі денсаулық саласына байланысты, індеттің алдын алу үшін жазылып келді. Диктанттың қорытындысы талданып, талқыланып, әлеуметтік желілерге жарияланады.

Әзірлегендер Рая ЕСКЕНДІР,
Досбол АТАЖАН,
Айнұр СЕНБАЕВА.

ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫ

Қала әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасы бойынша 2022-2023 жылдардағы жаңа жылыту маусымы Алматыда 2022 жылғы 17 қазанда басталды.



ҮЙІҢІЗ ЖЫЛЫДЫ МА?

Алматыда 17 қазанда жылыту маусымы басталды

Жаңа жылыту маусымының ашылған күні метеорологиялық болжамдар мен Алматыдағы ауа райының күнделікті мониторингі негізінде анықталды. Тұтынушыларды жылумен жабдықтауға қосу мынадай кезек бойынша кезең-кезеңмен жүзеге асырылатын болады:

- балабақшалар, емдеу орындары, мектептер, кәсіптік мектептер, медициналық-әлеуметтік мекемелер;
- тұрғын үйлер, жатақханалар, қонақүйлер;
- әкімшілік ғимараттар, оқу орындары, театрлар;
- басқа ғимараттар.

Жылумен жабдықтау желі-

лерін алдағы жылыту маусымына дайындау бойынша барлық жұмыстар кестеге сәйкес жүргізілді. «Алматы жылу желілері» ЖШС тұтынушыға жылу беруді қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, көпбөлімді тұрғын үйлерді жылумен қамтамасыз ету процесі басталды. Жылу желілері жылу энергиясын баланстық шектеу шекарасына дейін (үйге кірер алдында) жеткізуді қамтамасыз етеді. Басқарушы компания, ПИК, ОСИ үйге кіреберістегі параметрлерді тексеріп, үй ішіндегі жылумен жабдықтау жүйесін барлық қажетті шаралармен қосуды жүзеге асыруы керек.

ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК

ТЕГІН КӨШЕТ ТАРАТЫЛАДЫ

Алматыда «Жасыл аула» науқаны басталды

«Атадан мал қалғанша, тал қалсын» деген. Аулаңыз жасыл желекке оранып, аптап ыстықта көлеңкесін саялағыңыз келсе, аулаңызға тал егіңіз.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алматы қаласының Экология және қоршаған орта басқармасы тұрғындарға тегін көшет таратуға арналған «Жасыл аула» науқанының басталғандығын хабарлайды. Көпқабатты үйлер ауласы мен қоғамдық кеңістіктерді көгалдандыруға ниетті әрбір алматылық шаған, үйеңкі, шегіршін, терек, қараған мен қайыңның көшеттерін тегін ала алады.

Науқан қатысушылары отырғызылған ағаштарды алдағы үш жыл бойы күтіп-баптау туралы кепілді міндеттемеге қол қоятындығын ескерген жөн. Қатысу үшін zhasyl.aula22@gmail.com электронды поштасына келесі мәліметтерді жолдау қажет:



1. Қатысушының аты-жөні мен телефон нөмірі, ағаш отырғызылатын орынның нақты мекенжайы;
2. Ағаш отырғызылатын орынның фотосы (мамандарға орынды толықтай бағалауға мүмкіндік болуы үшін панорамалық форматта болғаны жөн);
3. Сұралып отырған көшеттің түрі мен саны.

Өтінімдер 2022 жылғы 17–25 қазан аралығында қабылданады. Көшеттерді тарату келесі мекенжай бойынша жүзеге асырылады: Алматы қ., Алатау ауданы, «Ұл-

жан-2» шағынауданы, Бертайқызы к-сі, 24 («Stamp service» ЖШС базасы).

Өтінімдер 2022 жылғы 17–26 қазан аралығында қаралады.

Ағаш отырғызу жұмыстарын 2022 жылдың 27 қазанынан бастап жүргізіп, фотоесеп жолдау қажет.

Айта кетейік, көрсетілген уақыттан кейін жолданған өтініштер қарастырылмайды. Қосымша ақпарат алу үшін жасыл қорды басқару және мониторинг бөліміне келесі нөмір бойынша хабарласуға болады: +7 777 068 56 38.



ҰЛТТЫҚ МЕРЕКЕ

ЕГЕМЕНДІК ДЕКЛАРАЦИЯСЫ

Қазақ Елінің тәуелсіздігіне негіз қалаған және жол ашқан тарихи маңызды құжат

2022 жылғы 16 маусымда қасиетті Ұлытау төрінде өткен Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық мерекелер мен атаулы күндер тізбесіне өзгеріс енгізілуі қажеттігін айтты. Президент «Тәуелсіздік мейрамының мәнін өзгертпестен, кейінгі жылдары атаусыз қалған Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды» ұсынды. «1990 жылы 25 қазанда Қазақстанның егемендігі туралы декларация қабылданды. Бұл – еліміздің Тәуелсіздік жолындағы тұңғыш қадамы болатын. Осы құжатты қабылдаған кезде Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев аса маңызды рөл атқарды. Республика күні елдің мемлекет құру жолындағы тарихи қадамының символы болуы керек. Әрине, Тәуелсіздік күнінің бастапқы мәні сақталады. Бұл күн мемлекеттік мереке болып қала береді. Бірақ Тәуелсіздік алуға зор үлес қосқан ұлттық батырларымызға тағзым күні ретінде атап өтілуі керек», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ТӘУЕЛСІЗДІКТІң АЛҒАШҚЫ
ҚАДАМЫ

Расында да 1990 жылы қазан айының 25-і күні Алматыда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің шешімімен қабылданған «Қазақ КСР-інің мемлекеттік егемендігі туралы» Декларация – еліміздің тәуелсіздікке ұмтылудағы тұңғыш қадамы болғаны ақиқат.

«Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Жоғарғы Советі Қазақстан халқының еркін білдіре отырып, Республиканың барлық азаматтары үшін лайықты және тең тұрмыс жағдайын жасауға ұмтыла отырып, Республикада тұратын халықтарды топтастыру мен олардың достығын нығайтуды бірінші дәрежелі міндет деп санай отырып, жалпыға бірдей адам праволары декларациясын және ұлттардың өзін-өзі еркін билеу правосын тани отырып, қазақ ұлтының тағдыры үшін жауапкершілікті ұғына отырып, ізгілікті демократиялық правосық мемлекет құруды негізге ала отырып, Қазақ Советтік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігін жариялайды және осы Декларацияны қабылдайды», – делінген бұл құжатта.

Декларацияның алғашқы үш тармағында Қазақ КСР-інің егеменді мемлекет болып табылатыны, басқа республикалармен егеменді республикалар Одағына ерікті түрде бірігетіні және олармен өзара қатынастарды шарттық негізде құратыны, Қазақ КСР-і Одақтан еркін шығу правосын өзінде сақтап қалатыны, Қазақ КСР-і ұлттық мемлекеттігін сақтау, қорғау және нығайту жөнінде шаралар қолданатыны тұжырымдалды. Қазақ

халқының және Қазақстанда тұратын басқа да ұлттардың төл мәдениетін, дәстүрін, тілін қайта түлету мен дамыту және олардың ұлттық қадір-қасиетін нығайту Қазақ КСР-і мемлекеттігінің аса маңызды міндеттерінің бірі екендігі, елдің қазіргі шекарасындағы Қазақ КСР-інің территориясының бөлінбейтіні және оған қол сұғуға жол берілмейтіні сипатталды.

Өкінішке орай, бұл Құжаттың мәні мен маңызын бүгінде скінің бірі, әсіресе жастар жағы көп біле бермейді. Өйткені, 2001 жылғы 13 желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» №267 заң бойынша мемлекеттік мерекелер тізіміне тіркелген бұл датаның «ғұмыры» ұзаққа бармады. 2009 жылы қолданыстағы заңға өзгерістер енгізілді. Соған сәйкес, «30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституциясы күні» ұлттық мереке болып өзгертілуіне байланысты, «25 қазан – Республика күні» мемлекеттік мерекелер тізімінен алынып тасталды.

АЗАТТЫҚТЫҢ АҚ ТАҢЫ

Шын мәнінде, Егемендік Декларациясы қабылданған сәттен бастап, Қазақ Елі азаттығының ақ таңы атты. Мемлекеттің егемендігі мен аумақтық тұтастығы саяси, құқықтық және экономикалық тұрғыдан дәйектелді. Егемендігін еншілеген елдің еңсесі көтеріліп, Қазақстан мен әлем елдеріндегі қазақ қоғамында тын серпін, үлкен серпіліс болған еді. Қабылданған Декларация арқылы тәуелсіздігіміздің іргетасы қаланды. Демократиялық қоғам құру жолында егемен мемлекеттің қоғамдық-саяси құрылымына біраз өзгерістер енгізіле бастады. Құжатта Қазақ-



танның мемлекеттік егемендігінің барлық атрибуттары белгіленді: республиканың аумағы мен халықаралық қатынастардағы дербестігі нақтыланды, азаматтық және ұлттық теңқұқылығы, мемлекеттік биліктің, ұлттық Конституция мен заңдардың үстемдік құруы, меншік формаларының саналуандығы, жеке мемлекеттік бюджет және қаржылық-несиелік жүйе, ішкі жеке әскердің болуына құ-

қығы, мемлекеттік қауіпсіздік және ішкі істер органдары, халықаралық қатынастарда өзіндік субъект ретіндегі құқығы, сонымен қатар мемлекеттік егемендіктің белгілері – Елтаңба, Ту және Әнұранның болуы бекітілді. Декларацияда «Қазақ КСР мемлекеттік егемендігінің символдары – Герб, Жалау, Гимн – қасиетті болып табылады және оларды қорлаудың қандай болса да заңмен жазаланады» деп жазылды.

«АҚШАМНЫҢ» АРХИВІНЕН

ЕРЕКСЕ МАҢЫЗДЫ ҚҰЖАТ

«Алматы ақшамы», 29 қазан, 1990 жыл. №248 (698)
(Авторы: Салық ЗИМАНОВ)

Біздің республика өзінің мемлекеттік егемендігі туралы Декларациясын соңғылардың бірі болып қабылдады. Мұның өз артықшылықтары мен кемшіліктері бар еді. Басқа республикалардың тәжірибелерін ескеруге және олардың декларацияларындағы ұтымды әрі бағалы нәрселерді алуға, өзіміздің тарихи шешімімізге ойлы көзбен, қыз-баланың қарауға мүмкіндік мол болды. Бұрын Совет Одағында осындай саяси құжатты қабылдау практикасы болмағанын ескерген жөн. Республика Жоғарғы Советін сынаудың күшейе түскенін де жасырмау керек. Басқа республикалардан қалғысы келмегендер тарапынан осылай болып отыр...

Бірқатар реттерде мемлекеттік егемендік туралы Декларацияның қабылдануы орталықтан тепкіш күштердің жергілікті жерлерде күшейуімен ұштасып, ұлттаралық қатынастарды шиеленістірген басқа республикалардың тәжірибесі көз алдында тұрған адамдар, республиканың мемлекеттік егемендігі туралы актінің өзіне теріс көзқарас туғызды. Кейбір жерлерде бұл көңіл күй митингілік сипат алып, көшеге лықсып шықты. Мұны біз Жоғарғы Совет сессиясының жұмысы кезінде көрдік.

Көптеген хаттар, коллективтік үндеулер мен телеграммалар келіп түсті. Оларды депутаттар – Декларацияның жаңа нұсқасын әзірлеу үшін арнайы құрылған комиссияның мүшелері егжей-тегжейлі зерттеп, Жоғарғы Советке баяндады. Бұл құжат парламент сессиясында мұқият қаралды. Мұның өзі он күнге таяу созылды. Соңғы нұсқадағы Декларация жобасын баптар бойынша талқылаудың өзіне 6 сағат уақыт кетті...

БІЗДІҢ АНЫҚТАМА

Салық Зиманов (1921–2011), белгілі қоғам және мемлекет қайраткері, 1990–1995 жылдары Жоғарғы Кеңестің халық депутаты болған. «Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы Декларацияның» жобасын дайындау жөніндегі комиссияның жетекшісі, заң ғылымының докторы, профессор. ҚР ҰҒА академигі.



ҰЛТТЫҚ МЕРЕКЕ МӘРТЕБЕСІ

Түйіндеп айтар болсақ, 1990 жылғы 25 қазандағы «Қазақ КСР мемлекеттік егемендігі туралы» Декларация дүние жүзінің картасында жаңа мемлекеттің – Қазақстан Республикасының негізі қаланғанын паш етті. Демек, бұл маңызды Құжат 1991 жылғы 16 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңымен бірге жас тәуелсіз мемлекеттің конституциялық-құқықтық іргетасын қалады. Осылайша әлем картасында жаңа мемлекет – Қазақстан Республикасы пайда болған еді.

Енді міне, араға бір мүшел салып, 13 жылдан кейін, яғни 2022 жылдың 29 қыркүйегінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Республика күні» мерекесіне ұлттық мереке мәртебесін қайтарды. Жоғарыда айтқанымыздай, Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында Парламент депутаттары «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізді. Еліміздің даму үрдісіндегі тарихи маңызы жоғары, Қазақстанның мемлекеттігінің қалыптасуына ерекше ықпал еткен мәні зор оқиғалы екі дата: 25 қазан – ұлттық мемлекеттік мереке – Республика күні деп белгіленді, ал 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні мемлекеттік мереке ретінде бекітілді. Сенат спикері Мәулен Әшімбаев тұжырымдағандай, «бұл тарихи және өте маңызды шешім болды. Еліміздің тәуелсіздігі шынымен де, осы күннен басталады. Сондықтан бұл күннің ұлттық мереке ретінде бекітілуінің өзі мемлекеттілік пен егемендік тұрғысынан маңызды қадам. Болашақта бұл мереке Тәуелсіздікті дәріптеп, нығайта түсуге септігін тигізеді деп сенеміз».

Т.ДЕРЫСАЛИН.

(Дереккөз: мәліметтер ашық интернет көздерінен алынды).



САЙЛАУ – 2022

Жанна АСАНОВА,

Алматы қалалық сайлау комиссиясының төрағасы:

ӘРКІМНІҢ ДАУЫСЫ МАҢЫЗДЫ!

Учаскелік комиссия жұмысы 4 қарашадан басталады

20 қараша күні еліміз үшін маңызды науқан – Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауы өтеді. Осыған орай, әр партиядан саяси ұйымдар өз кандидаттарын ұсынды. Сайлауға белсенді түрде қатысып, дауыс беру – әрбір азаматтың борышы. Осы ретте Алматы қалалық сайлау комиссиясының төрағасы Жанна АСАНОВАМЕН хабарласып, саяси науқанның барысы жайлы әңгімелескен едік.

– Жанна Бейсентайқызы, Президент сайлауына дайындық қалай жүргізілуде?

– Дайындық басталып кетті. Қазіргі уақытта жергілікті атқарушы органдар сайлаушылар тізімін нақтылауда. Сайлаушылардың дауыс беруіне қолайлы орта құру үшін сайлау учаскелерін тиісті материалдық-техникалық базамен қамту жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Сайлау заңнамасының негіздері және оны сайлау үдерісінде қолдану бойынша ұйымдастырушылардың кәсіби біліктілігі мен құзыретін арттыру мақсатында арнайы оқытулар ұйымдастырылған.

– Алматы қаласы бойынша сайлау комиссиялары құрылды ма?

– Қалада 609 сайлау комиссиясы құ-



рылған. Барлық деңгейдегі сайлау комиссиялары саяси партия және қоғамдық бірлестіктер ұсыныстары негізінде мәслихат арқылы сайланады. 609 сайлау комиссиясының 1-еуі қалалық, 8-і аудандық, 600-і учаскелік.

Қала бойынша 600 сайлау учаскесі бар. Оның 531-і тұрғылықты мекенжаймен, 69-ы уақытша тіркелгендер үшін құрылған (ауруханалар, санаторийлер, әскери мекемелер, т.б.)

Жалпы сайлау комиссия мүшелерінің саны – 4759. Алматы қаласында бүгінгі

таңда 1 млн 161 мыңға жуық сайлаушы тіркелген.

– Қалада тіркелмеген тұрғындар қалай дауыс береді? Уақытша тіркелгендер учаскесін қалай анықтайды?

– Сайлаушыларды сайлаушылар тізіміне енгізу – сайлауға қатысу үшін ең қажетті нәрсе. Сайлаушылардың тізімін тиісті әкімдіктер «Жеке тұлғалар» мемлекеттік деректер базасының негізінде тұрғылықты жері бойынша жасайды. Нақты сайлау учаскесінің сайлаушылар тізіміне қосу үшін тұрғылықты жері бойынша тіркеу фактісі негіз болып есептеледі. Әр сайлаушы факт бойынша орналасқан учаске аумағына қарамастан, тіркелген аумағындағы учаскеге келіп дауыс беруі тиіс.

Алайда, сізге сайлауға дейін 30 күн қалғанда белгілі болса, онда сіздің 2022 жылдың 21 қазанында тіркелген жеріңіз бойынша дауыс беруге баруға мүмкіндігіңіз болмайтын болса, сіз өзіңіз орналасқан жеріңіз бойынша әкімдікке сізді сайлау күні сіздің орналасқан жеріңіз бойынша сайлаушылар тізіміне енгізу туралы жазбаша өтінішпен жүгінуге құқыңыз бар.

Сіз сайлаушылар тізімдерінде өзіңіздің бар-жоғыңызды @almaty_sailau_bot телеграмм боты арқылы немесе <https://open-almaty.kz/ru> сайтынан ЖСН енгізу арқылы анықтай аласыз.

Егер сіздің тұрақты тіркеуіңіз болмаған жағдайда, мемлекеттік қызметтерді онлайн түрде алу мүмкіндігі шеңберінде, сіз үйден шықпай-ақ eGov арқылы тұрақты тіркеуге тұруыңызға болады.

– Қалаға сырттан, шетелден келген бақылаушылар туралы айтып берсеңіз?

– Шетелдік бақылаушылардың келуі туралы ақпарат сайлау күніне жақындағанда анықталады. Әзірше Алматы бойынша ондай ақпарат жоқ.

– Сайлаушылар дауыс беруге арналған үй-жайлардан тыс жерлерде дауыс беруіне бола ма?

– Егер дауыс беруші денсаулығының жай-күйі бойынша; науқас отбасы мүшесін күту себебі бойынша;

сайлау учаскелері құрылмаған шалғайдағы және қатынасу қиын аудандарда болып, дауыс беру үшін келе алмайтын болса, онда сайлау күні (2022 жылдың 20 қарашасы) жергілікті уақыт бойынша сағат он екіден кешіктірмей, учаскелік сайлау комиссиясына, өзі болатын жерде дауыс беруді ұйымдастыру туралы жазбаша өтінішпен жүгінуге құқылы. Арыз берген соң учаскелік сайлау комиссиясы сіздің болатын жеріңіз бойынша дауыс беруді ұйымдастыруға тиіс.

– Сайлау учаскесіне келген кейбір тұрғын өздерін тізімнен таба алмай шағымданып жатады. Себебі неде?

– Біріншіден, сайлаушының тұрақты тіркеуінің болмауы, екіншіден, сайлаушының басқа сайлау учаскесіне қателесіп келуі, үшіншіден, сайлаушының басқа өңірде тіркеуде болуы себеп болып жатады.

Мұндай жағдай болмау үшін азамат дауыс беруге бармас бұрын алдын ала @almaty_sailau2022 телеграмм боты арқылы немесе <https://open-almaty.kz/ru> сайтынан сайлаушылар тізімінен өзін тексеріп алу қажет. Жоғарыда айтылғандай, сайлау құғын иелендіретін әрекеттерді жасау керек.

Сонымен қатар, тағы бір қосымша жағдай – азамат сайлаушылар тізімінің тізімдер учаскесіне берілгеннен кейін тұрақты тіркеуге тұрып немесе 18 жасқа жаңа толуы мүмкін. Бұл ретте әрине, тізімде болмайды. Алайда, бұл жерде де шешім бар: дауыс беру күні учаскелік сайлау комиссиясы ол азаматты арнайы функционал арқылы тексеріп, егер сол учаскедегі тіркеуі дәлелденсе, тізімге жазбаша түрде қосады.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан
Гүлжанат СЕМБАЕВА.

ЖОЛДАУ – 2022

Мемлекет басшысы 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» тақырыбындағы Жолдауында еліміздің экономикалық дамуы, мемлекеттік басқару ісін жаңғырту, өнеркәсіпті күшейту, білім мен ғылым, мәдениет пен бизнесті қолдау мәселелеріне айқын тоқталды.

Ләззат САҒЫНДЫҚОВА,
Алматы қаласы Музейлер
бірлестігінің директоры:

ЖАСТАРҒА ҮМІТ АРТАМЫЗ



Президент осы Жолдауында «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидасын ұстана отырып, ел бірлігі мен тұтастығын, ел егемендігін, халқымыздың татулығы мен тұрақтылығын сақтауға шақырды.

Маңызды мәселе – адам әлеуетін дамыту, сұранысқа ие мамандардың біліктілігін арттыру. Қазақстанда ғана емес, өзге елдерде де бәсекеге қабілетті мамандарды дайындау бағытында идеологиялық жұмыстар жүргізу жөнінде айтты. Біз мәдениет саласының өкілдері ретінде осы бағытта жас, креативті, еңбекқор мамандарды тарту бойынша жұмыстар жүргіземіз. Дамыған елдердің тәжірибесіне сүйенсек, олар мықты деген жас ғалымдарды, білімді мамандарды өз саласына тартумен айналысқан. Шынымен де, мемлекет үшін қажет, орасан зор пайдасы бар игі іс.

Президент тағы бір маңызды бастама – саналы, білімді, ақыл-парасаты мол және ғылыми-мәдени өрісі кең ұрпақ тәрбиелеу аса қажет екендігін баса айтты. Біз осы орайда Жолдауға қолдау білдіру үшін, ондағы мақсаттарды жүзеге асыру бағытында мәдениетке бекем, руханиятқа жақын ұрпақ тәрбиелеу ісіне атсалысып келеміз. Осы мақсаттағы жұмыстарды алдағы уақытта да қарқынды түрде жүзеге асыруымыз қажет. Музей жастарды, өскелең ұрпақты тәрбиелеу негізі ретінде үлкен рөл атқарып келеді. Жас ұрпақты әдепті де саналы етіп тәрбиелеу үшін ең алдымен ұлттық дәстүрімізді, әдет-ғұрыптарымызды, дінімізді, ата-бабалардан қалған насихат-мұраларды жастардың санасына сіңіре білуіміз керек. Музейге келген жастар музейден өздеріне қажетті ақпарат алып, білімдерін толықтырады, рухани қуат алады. Демек, музей – өскелең ұрпақтың отансүйгіштік сезімін арттырып, елін сүйуге тәрбиелейтін бірден-бір құрал екені сөзсіз.

20 қараша күні кезектен тыс Президент сайлауы өтеді. Бұл сайлаудан жастар да тыс қалмаса екен дейміз. Олардың да дауысы біз үшін маңызды. Жолдауда айтылған мақсат-міндеттердің денін де білімді, жігерлі, санасы сергек жастар қолға алады деп сенеміз.

20 қараша 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫ

ҚҰРМЕТТІ САЙЛАУШЫЛАР!

Сайлауға қатысудың кепілі – Сізді сайлаушылар тізіміне қосу

Тізімдерді дауыс беруге арналған нақты учаскесінің аумағында тұрғылықты жері бойынша тұрақты тіркеу негізінде жергілікті атқарушы органдар (әкімдіктер) жасайды

Тұрақты тіркеуі жоқ азаматтар тізімдерге олардың орналасқан жері бойынша әкімдіктерге берген өтінішінің негізінде енгізіледі

Дауыс беру күні тіркелген жері бойынша сайлау учаскесіне келе алмайтын әрбір азамат

дауыс беру күніне бір ай қалғанда, яғни 2022 жылғы 20 қазанынан

кешіктірмей тиісті әкімдікке өтініш беріп, олардың нақты орналасқан жері бойынша сайлау учаскесінде тіркелуге құқылы

Өтініш түскен кезде әкімдік азаматты тіркелген жері бойынша сайлаушылар тізімінен шығаруды және оны дауыс беретін учаскенің тізіміне енгізуді ұйымдастырады

ОСЫ ҚҰҚЫҚТЫ:

- 1 дауыс беру күні тіркелген жері бойынша болмайтынын білетін азаматтар
- 2 басқа қаладан келген, арнаулы орта және жоғары оқу орындарында оқитын, жатақханалардан тыс тұратын студенттер
- 3 вахталық әдіспен жұмыс істейтін азаматтар пайдалана алады

САЙЛАУШЫЛАР ТІЗІМІНЕ ТІРКЕЛГЕН ЖЕРІҢІЗ БОЙЫНША ЕНГІЗІЛГЕНІҢІЗДІ ТИІСТІ ӘКІМДІКТІҢ САЙТЫ НЕМЕСЕ CALL-ОРТАЛЫҒЫ АРҚЫЛЫ ТЕКСЕРУГЕ БОЛАДЫ

2022 жылдың 4 қарашасынан бастап

Сізге өз учаскеніңізге сайлаушылар тізіміндегі деректеріңізді тексеру мүмкіндігі берілетін болады

ӘРКІМНІҢ ДАУЫСЫ МАҢЫЗДЫ!

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы



ЕҢБЕК АДАМЫ

МҰРАЖАЙДА КӨП СЫР БАР АЙТЫЛМАҒАН...

Қазіргі заманғы сәндік-қолданбалы өнердің даму барысы қай деңгейде?

Ақтолық
ТҰРЛЫҒАЗЫ

Бүгінгі таңда еңбекқорлығымен танылып, шеберлігімен елді сүйсінтіп жүрген нәзік жандылар жетерлік. Президент «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауында кәсіби маманның қадірін білу керек екенін, еңбекқор адам мемлекетті дамытатынын баса айтқан болатын. Осы ретте жұмыс өтілі қарапайым жұмысшыдан бастап Ә.Қастеев атындағы мемлекеттік өнер музейінің директоры Гүлайым Жұмабекованың шеберлігі мен іскерлігі жайлы айтып өтсек.



ісінің қыр-сырын үйреніп, музейде осы күнге дейін қызмет етіп келемін. Алдыңғы буын аға-әкелеріміздің ақыл-кеңесі маған осы уақытқа дейін үлкен азық болды. Қазіргі уақытта бізге 20–25 жас аралығындағы жас мамандар келіп жатады, оларға да өзімнің бар білгеніммен ой бөлісемін. Болашақта білікті маман атануларына қолдан келгенше көмек көрсетемін. Біраз жыл бойы Ә.Қастеев атындағы ҚР МӨМ «Қолданбалы өнер» орталығында жетекші болып, ғылыми жұмыстармен айналыстым. Бұл – менің өмірімдегі ең үлкен тәжірибе болды», – дейді Әбілхан Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінің директоры Гүлайым Жұмабекова.

Халықтық қолөнер еліміздің тұрмыс жағдайынан, материалдық жай-күйінен ғана хабар бермей, эстетикалық талғамынан, тарихы мен таным-түсінігінен де мол мәліметке қанықтырады. Осы ретте музейде тұрақты ұйымдастырылып жатқан көрмелер халықтың қалауынан шығып келе жатқанын айрықша айта кеткеніміз жөн.

«Біздің мұражайда «Қазақ халық және қазіргі заманғы сәндік-қолданбалы өнері» коллекциясының 5 мыңға жуық экспонаты бар. Оның негізгі өзегі 1976 жылы Ә.Қастеев атындағы мемлекеттік өнер музейінің құрамына ғылыми бөлім ретінде кірген Қазақстанның Республикалық халық қолданбалы өнер музейінің қолданбалы өнер туындылары болды.

1980–1990 жылдардың басына дейін Қазақстанның халықтық қолданбалы өнер бөлімінің қызметкерлері жинақтау қызметін жалғастырды. Жыл сайын халық шеберлерінің бұйымдарын жинау бойынша экспедицияларға ҚР әртүрлі облыс-

тарына, сондай-ақ, РФ Омбы және Түмен облыстарына барды. Қазіргі уақытта қазақтың халық қолөнерінің бұрыннан болған көптеген орталықтары жоқ және жаңа заманда мұндай мөлшерде және ауқымда осы бұйымдар қолмен шығарылуы екіталай. Өңірлерде түкті кілемдер өндірумен, кесте тігумен, ағаштан, былғарыдан ұлттық нақыштағы зергерлік бұйымдар, сондай-ақ, халық музыкалық аспаптары, кәдесыйлар және т.б. жасаумен айналысатын жекелеген шеберлер ғана жұмыс істейді. Халық өнерін насихаттай отырып, Қастеев музейі Қазақстан қолөнершілер палатасының шеберлерінің қатысуымен халық қолөнершілерінің көрмелерін өткізеді», – дейді ол.

«Қазақ халықтық қолданбалы өнері» экспозициясында қазақтың дәстүрлі қолөнерінің барлық түрлері: киіз басу, кілем тоқу, халықтық кесте тігу, ши өру, ұлттық зергерлік өнер, металл, ағаш және теріні көркемдеп өңдеу ұсынылған. Бұл экспозиция Қазақстан Республикасы өнерінің жетекшісі және тарихи маңызды бөлімі болып табылады. Ол қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті мен тұрмысының жарқын ерекшелігін көрсетеді. Музейдің ғылыми қызметкерлері үнемі қазақ халық өнері туралы экскурсиялар мен дәрістер өткізеді. Музейіміздің қорында бар дәстүрлі өнердің барлық түрлері бойынша каталогтар шығарылған.

Көрермендерге ұсынылған халықтық қолданбалы өнер туындыларының әрқайсысы бірегей болып табылады және орасан зор көркемдік-тарихи құндылыққа ие. Экспозицияда киіз немесе тоқылған кілемдер, күмістен жасалған зергерлік бұйымдар немесе ат әбзелдері, сондай-ақ,

сүйекпен безендірілген керемет ағаштан жасалған бұйымдар және басқа да керемет экспонаттар бар. Шынында да, біздің халқымыздың ғасырлар бойғы тарихы халық шеберлерінің осы өнімдерімен байланысты. Көшпелілер мәдениетінің ежелгі технологиялары мен көркемдік дәстүрлерін барынша сақтауымыз қажет», – дейді Гүлайым Жұмабекова.

Соңғы кездері әлеуметтік жағдайлар музейде түскен суреттері көбейді. Көбісі көркемөнерге деген қызығушылықтарының артқандығын жарыса жазып, өз ойларын ортаға салып жатады. Осы ретте көптің көңілінен шыққан ол қандай музей болды деген сауал туындауы мүмкін. Қаламыздағы қаншама музейдің ішінен өзіндік стильмен елдің назарына іліккен мұражай ол – осы Ә.Қастеев атындағы мемлекеттік өнер музейі. Тіпті, бұл музей жайында шетелдік туристер де әлеу желіде жағымды пікір қалдыруда.

«Қазақ халықтық қолданбалы өнері – еліміздің және бүкіл қазақ халқының мәдени игілігі. Халық шығармашылығын көрсету, сақтау және насихаттау – Ә.Қастеев атындағы ҚР МӨМ-нің маңызды міндеттерінің бірі.

5 жылға арналған жоспарларға сәйкес музей коллекцияларын зерделеу және насихаттау бойынша жұмысты жалғастыруды қолға аламыз. Музей жинақтамасынан барлық жеке түрлер бойынша суретті каталогтарды басып шығаруды қолға алмақшымыз. Қазақ кілемдері мен қазақтың оюланған киіз бұйымдарына ерекше рең береміз. Ағаштан, металдан және былғарыдан жасалған дәстүрлі бұйымдар – ат әбзелдері мен белдіктерді көрермендерге ұсынамыз. СҚӨ каталогы және т.б. біздің ҰҚӨ және ДҚӨ коллекциямызды осы қорлар бойынша жаңа туындылармен толықтыру мүмкіндігі болады деп үміттенеміз.

Жоғарыда айтылғандай, ҰҚӨ және СҚӨ коллекцияларын зерттеу және насихаттау жұмыстарын, мақалалар, ғылыми-практикалық конференциялар, ҰҚӨ және СҚӨ туралы «Дөңгелек үстелдер» өткізу арқылы дамытамыз. Ғылыми ауқымды тағы басқа жобаларды да жоспарға қойып отырмыз», – дейді Әбілхан Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінің директоры Гүлайым Жұмабекова.

Еліміздің тарихы мен тағылымын халыққа танытып, тәуелсіздігімізді тұғырлы ету жолындағы жоспарлар мен жасалып жатқан ауқымды жұмыстарды ел ішіне жеткізу маңызды да жауапты міндеттің бірі. Осы орайда халқымыздың ғасырлардан тамыр тартатын өткен тарихын халық арасында, кейінгі ұрпаққа таратуда мұражайлардың маңызы зор екендігін атап өткеніміз дұрыс секілді.



«Жалпы, қолөнерге деген қызығушылығым ауылда жүргенде, бала кезімізде пайда болды. Анам он саусағынан өнер тамған шебер болатын. Бір қарағанымызда анамыз сырмақ сырып, ою ойып, енді бір қарағанымызда алаша тоқып, құрақ көрпелерді тігіп отырушы еді. Соның бәрін жанында жүріп санамызға сіңіріп өстік. Бізді жанына алып, өзінің бар білгенін үйрететін. Маған ең қызығы, анамның аяқ машинасына кішкентай балалардың киімдерін тігуі еді. Мектепте жүргенде еңбек сабағында қолөнер бұйымнан көрмелер өтетін, сол көрмеге үнемі қатысып жүретінмін. Содан болар, іскерлік жанымға жақын болды. Қазіргі уақытта да қолым кілт босай қалса, іскерлікпен айналысамын. Соның арқасында көңілім сергіп, артық уайымнан арылуға тырысамын», – дейді Гүлайым Жұмабекова.

Халқымыздың қолөнері – ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып келе жатқан ұлттық мәдениетіміздің ажырамас маңызды бөлігі саналады. Қолөнер түрлерінің өн бойында халықтың материалдық және рухани болмысы көрініс тапқан. Осынау көріністі қала тұрғындарына танытып келе жатқан музей қызметкерлері десек, артық айтпағанымыз болар. «1990 жылдары газет беттерінен Ә.Қастеев атындағы өнер музейіне экскурсия жүргізуші мамандыққа конкурс болып жатқаны жайлы жарнаманы көзім шалды. Бұл хабарламаға қызығушылығым артып, айтылған мекенжайға бардым. Ол кездерде музейде білікті де тәжірибелі мамандар көп жұмыс істейтін. Солардың мектебінен өтіп, музей



ЖЕЛТОҚСАН САЯБАҒЫ

1000-нан астам ағаш отырғызылды



Суретті түсірген Самат ҚУСАЙЫНОВ.



Ақтолқын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Мегаполистің «Желтоқсан» саябағында Республика күніне орай мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. Аталмыш шарада «Желтоқсан» ҚБ және Алматы қаласы бойынша «Ас-самблея жастары» РҚБ өкілдерінің қатысуымен ағаш отырғызу, сондай-ақ саябақтың іргелес аумағын абаттандыру және санитарлық тазарту жұмыстары жүргізілді.

«Мерекелік күнтізбемізге енген Республика күнін тойлау басталып кетті. Бұл іс-шараға желтоқсаншылар мен жастар бірігіп атсалысып жатыр. 1000-нан астам ағаш отырғыздық. Спорттың бірнеше түрінен жарыстар өткізіліп, бәріміз мәз мейрам болып жатқан жайымыз бар. Еліміздің мерейі асқақтап, егемендігіміз арта берсін деген тілек

білдіреміз», – дейді Алматы қалалық «Желтоқсан қоғамы» ұйымының төрағасы Нұрлыбек Қуанбаев.

Іс-шара қонақтары үшін концерттік бағдарлама, алтын сақа, тұмақ ату, арқан тарту секілді ұлттық спорт түрлерінен жарыстар және мерекелік дастархан ұсынылды.

«Іс-шараға 50-ден астам волонтер келді. Бұдан бөлек, студенттер, «Ас-

самблея жастары» өз үлестерін қосуда. Жастар болып үлкен буын өкілдерінің әңгімелерін, өнегелерін естіп, ағаш отырғызу арқылы игі шараны ерекше қолға алуды жөн санадық. Ағаларымыздан «Желтоқсан» оқиғасы кезіндегі сәттерді сұрап таным көкжиегімізді де арттырып жатырмыз. Сондай-ақ, табиғат аясында демалып, суретке түсу мүмкіндігіне де ие болдық», – дейді Қазақстан еріктілер қоғамдық қорының жоба менеджері Нұржан Мәди.

Осы ретте қалада отырғызылатын ағаш түрлері ғылыми қауымдастық пен ландшафт сарапшыларының қатысуымен, климаттық және топырақ ерекшеліктеріне қарай тандап алына-тынын айта кеткеніміз жөн.

«Қала жұртышылығы мен қоғам өкілдері, Экология департаментінің өкілдері «Қоқыссыз таза табиғат» акциясының аясында игі шараларды қолға алдық. «Таза болса табиғат, аман болар адамзат» деп айтылған сөз бекер емес. Бүгінгі күні біздер табиғатымызды аялауымыз, қорғауымыз қажет. Болашақ ұрпаққа таза күйінде, өсіп-өркендеген қалпында жеткізу біздің негізгі міндетіміз», – дейді Алматы қаласы бойынша Экология департаментінің басшысы Қонысбек Байеділов.

Қарап отырсақ, бүгінде көгалдандыру жұмыстары қарқынды жүргізілуімен қатар, жалпы көгалдандыру саясаты да түбегейлі өзгерді. Басты назар бақылаусыз ағаш отырғызулардан жасыл қорды емдеу мен биоэркелікті сақтауға қарай ауысты. Жасыл желекті суару жұмыстарын күшейту үшін жаңа су ұңғымалары салынып, арық жүйесі түгелделді. Бұл еліміздің экологиясы жақсарып келе жатқанының бір дәлелі болар.

ФЕСТИВАЛЬ

«Жастар граффити» фестивалі өтті



ретшілер клубының, демалыс орталықтарының қатысушылары. Фестиваль өтетінін естіп, қатысуға ниет білдірген студенттер де бар. Республика күніне орай ең басты эскиздерін салып жатыр. Ол жерде Алматы қаласының көрікті жерлерін салады. Суретшілерге еркіндік те берілді. Өздері ойындағы суреттерін бейнелейді. Бір қуантарлығы, сурет салу барысында жастардың негізгі ойы бірлік, еркіндік, тұрақтылық қағидатына сәйкес келіп отыр. Бұл шара бір күн ғана болмайды. Біз әрбір 8 ауданда қайталанбас суреттерді салып шығамыз. Республика күніне орай көптеген іс шаралар өткізу жоспарда бар.

«Республика күніне орай ұйымдастырылған фестивальде басқа да суретшілермен бірге арнайы эскиз салып жатырмыз. Граффитимен 5-6 жылдан бері айналысамын. Алматы қаласының бейнесін граффити арқылы көрсетеміз», – дейді Т.Жүргенов атындағы өнер академиясының студенті, суретші Еркебұлан Бөрібайұлы.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

«Есентай» өзенінің бойында Республика күніне арналған «Жастар граффити» фестивалі ұйымдастырылды. Іс-шараны өткізуді Алматы қаласының Жастар саясаты басқармасы мен қаланың Жастар саясатын дамытудың мемлекеттік қоры қолға алды.

Әзіз ОРАЛБЕКҰЛЫ,
Алматы қаласы жастар саясатын дамыту мемлекеттік қорының директоры:

– Бұл фестивалдің басты мақсаты – біздің креативті, талантты жастардың басын біріктіру. Осы жерде 50-ден астам жас суретші жиналды. Жас суретшілер қала деңгейіндегі су-



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ҰЛЫЛЫҚТЫҢ ТОЙЫ



ЗАМАНСӨЗ

ҰЛТҚА ҚЫЗМЕТ ЕТУДІҢ ЖАРҚЫН ҰЛПСІ

«Ахмет Байтұрсынұлы – тарихымызда айрықша орны бар бірегей тұлға. Алаш жұртының асыл перзенті халқымыздың тағдыры сынға түскен күрделі кезеңде ерекше қайраткерлік танытты. Еліміз бүтін, жеріміз тұтас болу үшін өлшеусіз еңбек сіңірді. Шын мәнінде, Ақаңның өмір жолы – ұлтқа қызмет етудің жарқын үлгісі. Арыстарымыздың есімін ардақтап, ұлағатты ісін жалғастыру – халқымыздың кастерлі парызы».

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ТҰЛҒАТАНУ

АЛАШТЫҢ АБЫРОЙЫ

Ардақты арысымыздың есімін ұмытпау, ұлт санасында жаңғыртып отыру – баршамызға ортақ міндет. Себебі, Ақаңның тұлғасы қазақтың әлеуетін, деңгейін, болмысын көрсетеді. Сондықтан Ақаңның тойы Алаштың абыройы деп санаймыз.

Мәулен ӘШІМБАЕВ.

ҰЛТ ҰСТАЗЫНЫҢ ОЙ-ОРАМДАРЫНАН

НЕГІЗГІ ТАЛАПТАР...

...Ең алдымен емледен не талап етілетінін мәселе етіп қою қажет. Одан талап етілетіні – тіл дыбыстарын сәтті де дәл жеткізу. Екінші, бұл емле оқып-үйренуге жеңіл болуы керек. Бұл екеуі – негізгі талаптар...

(«Орфография туралы» және «Қазақ терминологиясының қағидаттары туралы» атты баяндамасынан).

ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖОҒАЛМАС

Қазақта газета, журнал, кітаптар жоқ кезінде жоғалмаған тіл газета, журналы шығып, кітаптары басылып, жылдан-жылға ілгері басып келе жатқанда, қазақ тілі жоғалмас.

КӨРУГЕ ЖАЗҒАЙ ЕДІ ХАҚ ТАҒАЛАМ...

Қарағым, айналайын, қамқор анам,
Арнап хат жазайын деп алдым қалам.
Сені онда, мені мұнда аман сақтап,
Көруге жазғай еді хак тағалам.
Бара алмай, өтірікші болып әбден,
Семейдің түрмесінде отыр балаң.
Мал ұрлап, кісі өлтірген айыбы жоқ,
Өкімет – өр зорлыққа не бар шараң.
«Үмітсіз шайтан болсын» деген сөз бар,
Жолдар көп жәннетке де тарам-тарам.
Оқ тиіп он ішімде ой түсіріп,
Битпеген жүрегімде бар бір жарам.
Алданып тамағым, оны ұмытсам,
Болғандай жегенімнің бәрі харам.
Адамнан туып, адам ісін етпей,
Ұялмай не бетіммен көрге барам.
Көп айтпай, қысқасынан сездіретін,
Балаңның мінезі бар сөзге сараң.
Кетер деп «суға құлап, отқа түсіп»,
Қайғы жеп, менің үшін болма алаң.
(Семей түрмесінде жатқанда шешесіне арнап шығарған «Анама хат» атты өлеңінен).

АДАМНЫҢ АДАМДЫҚ БЕЛГІСІНІҢ ЗОРЫ

Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі. Осы дүниедегі адамдар тілінен айрылып, сөйлеуден қалса, қандай қиындық күйге түсер еді, осы күнгі адамдар жазудан айрылып, жаза алмайтын күйге ұшыраса, ондағы күйі де тілнен айрылғаннан жеңіл болмас еді. Біздің заманымыз жазу заманы – жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман...

ЗАМАНДАСТАРЫМА

Орыстың тәржіме еттім мысалдарын,
Әзірге қолдан келген осы барым.
Қанағат азға деген, жоққа сабыр,
Қомсынып қоңырайма, құрбыларым.
Бабы жоқ жұмыстағы мен бір арық,
Күн қайда үздік шығар топты жарым.
Ат тұрмас аяғында желі болса,
Дүбірлеп шапса біреу қиқу салып.
Бар болса сондай жүзірік, қызар деймін,
Естілсе құлағына дүбір барып.
Әйтпесе арық шауып өндіре ме,
Жүргенде қамыт басып, қажып-талып.

ТҮБІРШЕК ТІЛ, ЖАЛҒАМАЛЫ ТІЛ, ҚОПАРМАЛЫ ТІЛ

Дүниедегі жұрттардың тілі негізінде үшке бөлінеді: 1) түбіршек тіл, 2) жалғамалы тіл, 3) копармалы тіл. Түбіршек тіл түпкі қалыбынан өзгерісін жүймеледі, мәселен: қытай, жапон тілдері. Жалғамалы тіл сөздің аяғына жалғау қосылып өзгерілетін тіл, мәселен: түрік, финн тілдері. Копармалы тіл сөз түбірімен копарылып, өзгертілетін тіл, мәселен: орыс тілі, араб тілі.

Ахмет БАЙТҰРСЫНҰЛЫ.
(Деректер ашық интернет көздерінен алынды).



БРИФИНГ

СКРИНИНГ

Алматының Онкологиялық орталығындағы барлық ем жоғары технологияның көмегімен жүргізіледі

Биылғы 9 айда Алматының Онкологиялық орталығында 14 615 науқас емделген, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 1359 науқасқа көп. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте орталық директоры Нұрсұлтан Ізбағамбетов айтты.

Нұржамал
ӘЛШЕВА

Хирургиялық бөлімдерде 2000-ға жуық ота жасалған, олардың 50%-дан астамында бейнеэндоскопиялық техника қолданылған. Бұл пациенттің ауруханадағы күндерін қысқартып, операциядан кейінгі кезеңді жеңілдетеді. Тәулік бойы және күндізгі стационар жағдайында 12 061 науқас химиятерапиялық ем қабылдады. 24 мыңнан астам КТ және МРТ сәулелі зерттеу, сондай-ақ 793 онконауқасқа сәулелі терапия емі жүргізілген. Осы орайда алматылықтардың сәулелі терапия емін АҚШ-та жасалған жоғары энергетикалық желілік үдеткіш көмегімен алатынын естеріңізге саламыз. Бұл құрылғы сау тіндерді қозғамай, иондалған бөлшектер шоғын ісіктің өзіне тікелей бағыттауға мүмкіндік береді.

«Процедура ауырсынусыз өтеді. Сәулелендіру сеансының өзі небәрі екі минутты алады, ал қалған уақыт пациентті әртүрлі арнайы құрылғылардың (фиксаторлар, маскалар) көмегімен емдеу үстеліне жатқызуға, содан кейін ем жасалатын аймаққа сәулені бағыттауға және процедураның сапалы жүргізілуін бақылауға кетеді. Айта кететіні, сапаны бақылаумен ТМД елдеріндегі ең үздік ұжымдардың бірі – медициналық физиктер айналысады. Сондай-ақ, осы желілік үдеткішті қолданады енгізгелі бері, қала

тұрғындары үшін сәулелік терапияға кезек пен орташа күту уақытын қысқартуға мүмкіндік бергенін ерекше атап өткім келеді. Біздің бөлімде күн сайын 80-ге жуық алматылық ем алады», – деді Нұрсұлтан Ізбағамбетов.

Онкологиялық орталық – операцияларды ашық әрі лапароскопиямен жасайтын Қазақстандағы озық клиникалардың бірі. Осы мақсатта онкологиялық орталық барлық қажетті жоғары технологиялық қондырғылармен жабдықталған. Спикердің айтуынша, науқастардың 30%-дан астамы ауру асқына түскен кезде, үшінші және төртінші сатысында емделуге келетін көрінеді. Бұл уақытта ем ұзақ әрі барлық әдісті қолдана отырып жүргізіледі. Сол себепті де, сарапшы ел аумағында тегін скринингтер жүргізілетінін және уақытылы дәрігерге қаралып, алдын алу тексерулерінен өту керектігін атап өтті.

Алматыда биыл 3,6 мыңнан астам адамнан қатерлі ісік анықталған. Өткен жылмен салыстырғанда онкологиялық дертке шалдыққандар саны 303 адамға өскен. Онкологиялық аурулардан болатын өлім-жітім бойынша бірінші орында – сүт безі обыры (14,7%), екінші – колоректалды қатерлі ісігі (9,3%), үшінші – өкпе қатерлі ісігі (7,5%), төртінші орында асқазан қатерлі ісігі (5,1%) тұр. Осы орайда атап өтетін маңызды жайт, онкологиямен ауыратын науқастар саны жыл сайын көбейгенмен, биылғы 9 айдың қорытындысы бойынша өлім көрсеткіші төмендеген. Бұл



Алматы қаласындағы онкологияға шалдыққан науқастардың емдеумен толық қамтылуымен және қала емханаларында ауруды ерте анықтау мақсатында диагностиканың артуымен байланысты деп отыр спикер. Қатерлі ісіктерді ерте диагностикалау көрсеткіші 36,3%-ға дейін артқан.

«Уақытылы диагностикадан өту қатерлі ісік ауруын ерте кезеңде анықтауға мүмкіндік береді, соның арқасында біздің де адамды кейбір жағдайларда толық емдеуге мүмкіндігіміз жоғары. Науқастың өмір сүру сапасы біз оны ауыр ем жасалатын химиятерапия және радикалды операциялар қолданылатын үшінші немесе төртінші кезеңде емдей бастағанымыздан гөрі ертерек бастау бірнеше есе жақсырақ болады.

Ісік әлі ұлғаймай тұрып онымен күресу науқас үшін оның одан кейінгі өміріне жеңіл

әрі тиімдірек болады», – деп атап өтті Н. Ізбағамбетов.

Тиімділігі дәлелденген қатерлі ісік скринингінің әдістері: 40–70 жастағы әйелдерде сүт безі обырының маммографиялық скринингі, 2 жылда бір рет; 30–70 жас аралығындағы әйелдерде 4 жылда бір рет ісікалды және жатыр мойны обырына цитологиялық скрининг жүргізу; 50–70 жас аралығында жасырын қан анализі, колоноскопия арқылы тоқ ішектің және тік ішектің қатерлі ісігіне және ісік алды ауруларына скрининг, 2 жылда 1 рет.

Тақырыпқа орай айта кетсек, қала тұрғындары өздері тіркелген жердегі емханада скринингтен тегін өте алады. Осы қазан айында әр сенбі сайын сүт безі обырын ерте анықтау айлығы өтіп жатқанын да естеріңізге салғымыз келеді.

ЖРВИ

ЭПИДАХУАЛ ТҰРАҚТЫ

Алматыда ЖРВИ-мен ауыру көрсеткіші өскен. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Алматы қаласының Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы Қасымхан Алпысбайұлы мәлім етті. Ал қауіпті аурулардан сақтайтын вакциналар, жүргізіліп жатқан иммунопрофилактика жайлы департамент басшысының орынбасары Әсел Қалықова тарқатты. Жалпы, мегаполистегі эпидемиологиялық жағдай әдеттегідей тұрақты.

Басқарма басшысының айтуынша, қуанышқа орай, Алматыда тырысқақ, оба, сібір жарасы, геморрагиялық қызба, дифтерия, қызылша, қызамық, сіреспе сынды 50-ден астам аса қатерлі кеселдер тіркелмеген. Спикер қалада менингококкты инфекция, токсокарозлямблиоз, сырттан «келінген» безгек (Оңтүстік Африкадан) аурулары тіркелген.

Бас санитар дәрігері тамақтан улану, ботулизм, листериоз, серозды менингит, А вирусты гепатиті, жіті В вирусты гепатиті, кене энцефалиті, анықталған коронавирусы инфекциясы бойынша жағдай туралы да баяндады. «Денсаулық сақтау ұйымдарымен бірлесіп барлық инфекция және паразиттік аурулар ошақтарында эпидемияға қарсы іс-шаралар уақытылы жүргізілді», – деп атап өтті Қасымхан Алпысбайұлы.

Мегаполистегі эпидемиологиялық жағдайға тоқталған СЭБД басшысы қалада жіті респираторлық вирустық инфекциялардың маусымдық өсуі байқалғанын атап өтті. Мәселен, өткен аптада ЖРВИ-дің 28 586 жағдайы тіркелді. Оның ішінде 69,1%-ы бала (18649). Зертханалық мониторингке сәйкес, қалада риновирустар, РС вирусы, парагрипп вирусы және маусымдық коронавирус сияқты жедел респираторлық вирустық инфекциялар таралған.

«Жалпы ДДҰ-ның эпидемиологиялық және зертханалық дерек-

терін ескерсек, алдағы эпидемиялық маусымда айналымда тұмау вирусының А (H1N1), А (H3N2) және В типті штамдары өзекті болады. Сондықтан тұмаудың алдын алудың ең тиімді әдісі – дер кезінде оған қарсы вакцина алу. Тұмау вирусы жыл сайын мутацияға ұшырайды, сондықтан тұмауға қарсы вакцинаны жыл сайын эпидемияға дейінгі маусымда қазан-қараша айларында тек биыл шығарылған вакцинамен егілу керек», – деп кеңес берді Алматы қаласының бас санитар дәрігері.

Вакцина алғаннан кейін иммунитет 14 күннен кейін қалыптасып, тек қана маусым бойы сақталады (1 жылға дейін). Қауіпсіз және тиімді вакциналар қолжетімді және олар 60 жылдан астам уақыттан бері қолданылып келеді. Биыл тәуекел тобындағы адамдарға жергілікті бюджеттен Ресейде өндірілген тұмауға қарсы үшвалентті «Гриппол плюс» вакцинасының 130 000 дозасы сатып алынды. Сонымен қатар, қосымша 80 000 доза вакцина сатып алынады. Осылайша ағымдағы эпидемияға дейінгі маусымда сатып алынған вакцинаның жалпы көлемі 210 000 дозаны құрайды. Бүгінгі күні тұмауға қарсы вакцинаны 125 мыңнан астам алматылық алды.

Алматы қаласының Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Әсел Қалықованың айтуын-

ша, жалпы қала бойынша 2022 жылдың 9 айында бірқатар профилактикалық егулермен халықты қамту қажетті деңгейіне жеткен (кем дегенде 71,2%–74,9%). Оның ішінде 4 айлық бөбектерді көкжөтелге, дифтерияға, сіреспеге, В вирусты гепатитіне, гемофильді инфекцияға және полиомиелитке қарсы (АБКДСЗ) қамту – 73,9%, 12–15 айлық сәбилерді пневмококктық инфекцияға қарсы егу (Пневмо3) – 72,5%, 12–15 айлық нәрестелерді қызылшаға, қызамыққа, паротитіне қарсы егу (КҚП1) – 76,1%, 6 жастағы балдырғандарды қызылшаға, қызамыққа, паротитіне қарсы КҚП2 қайта егу – 71,7%, 6 жастағы балаларды көкжөтелге, дифтерия, сіреспеге қарсы (бустрикс АБКДС5) – 71,1%, 18 айлық балаларды көкжөтелге, дифтерияға, сіреспеге, полиомиелитке, гемофильді инфекцияға қарсы (АКДС4) қамту – 70,4%, 16 жастағы жасөспірімдердің дифтерия мен сіреспеге қарсы АДС-М вакцинасымен егу – 69,7%, дифтерия мен сіреспеге қарсы ересектерді АДС-М вакцинасымен егу 90,5%-ды құрады.

Перзентханаларда жаңа туған нәрестелерді «В вирусты гепатитіне» қарсы екпемен қамту – 86,1% және туберкулезге қарсы – 86,1%-ды құрады.

«Бүгінде Алматыда халықты жоспарлы профилактикалық егуге қажет вакциналардың бәрі бар. Қалада КВИ-ға қарсы вакцинациялау мен ревакцинациялау жалғастырылуда. 2021 жылғы 1 ақпаннан бастап 2022 жылғы 10 қазанға дейін І компонентпен – 1 219 584 адам КВИ-ға қарсы вакциналанған, бұл жоспарланған халықтың 81,5%-ын құрап отыр (егілуге жататындар саны 1496730 адам), ІІ компонентпен вакцинациялаудың толық курсымен 1197291 адам қамтылды (80,0%)», – деді Әсел Қалықова.

Нұр ЖАМАЛ.

МАМАН КЕҢЕСІ

Сары майды күнделікті пайдалансаңыз, көңіл күйіңіз көтеріңкі болады дегенге сенесіз бе? Шоколад құрамында бақыт гормоны – серотонин бар екенін бәрі біледі. Алайда, оның сары майдың да құрамында кездесетінін көбі біле бермейді. Бұл туралы превентивті медицина дәрігері Ұлжалғас СМАНОВА тарқатып айтты.

Сары май көңіл күйді көтереді



● БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ!

Үйде жеп жүрген майды тексеріп көріңіз. Ол үшін стаканға ыстық су құйып, бір қасық май салып, араластырыңыз. Май құрамы таза болса, түзел еріп, сүмен біркелкі реңкке айналады. Ал суда қалдықтар байқасаңыз, артық қоспалардың болғаны.

Кез келген үйдің тоңазытқышынан сары май табылатыны рас. Бірақ оның біз білмейтін пайдасы мен зияны бар екенін ескерген жөн. Жаңа шайқалған немесе ерітілген түрі де адам денсаулығына өте пайдалы екенін дәрігер де растады. Нутрициолог Ұ.Сманованың сөзіне сүйенсек, сары май адамның зейінін жақсартып, денсаулығына әсер етеді. Атап айтатын болсақ, шаштың әдемілігін, тері мен тырнақтың саулығын сақтауға көмектеседі. Сары майдың құрамында А, Б, Е, К дәрумендері бар. Сондай-ақ, қаныққан майлар мен токоферолдар, каротин және Д дәрумені бар. Токоферол деп отырғанымыз – ағзаны түрлі радикалдардан қорғайтын антиоксидант, қартаю процесін баяулатқыш элемент. Ал Д дәрумені ағзаға кальцийдің сіңірілуін қамтамасыз ететінін ашып айтты дәрігер Ұ.Сманова. Ол өте құнарлы болғанымен ағзаға тез әрі оңай сінеді. Сары майды таңертең аш қарынға көкөніс, аскөктермен бірге тұтынуға кеңес береді. Ал оның құрамында кездесетін серотонин тек көңіл күйді көтеріп қоймай, ұйқыны реттеп, ауру сезімін баса алады.

Ата-бабаларымыз сары майдың пайдасы ұшан-теңіз екенін ертеден білгендей-ақ, күнделікті тамақтануында пайдаланған. Маман пікіріне сүйенсек, сары майды жүрек-қантамыр аурулары бар, қан құрамында холестерин көрсеткіші жоғары адамдар өте аз тұтынуы керек. Сондай-ақ, өт жолы аурулары асқынып тұрған науқастар мөлшерден артық май тұтынғаны қауіпті.

– Қала тұрғындары майды дүкеннен сатып алады. Әрине, ол қолдан жасалған табиғи май сияқты болмайды. Дегенмен, сапасына, құрамына аса мән беріп алуға болады. Яғни майлылық көрсеткіші 75,5–82,5 пайыз аралығында болса, таза сары май деген сөз. Одан төмен болса, құрамы таза емес, яғни өсімдік немесе жануар майлары кездеседі. Әсіресе, қаптамасына зер салып оқу керек. Майдың құрамы таза болса, «кілегей мен сиыр сүтінен жасалған» деп жазылып тұрады. Ал егер эмульгатор жазылып тұрса, маргарин екендігін білген жөн, – деп жауап берді Ұлжалғас Сманова.

Айым НҰРМАН.



НАРЫҚ

Жеке кәсіпкерлікке мемлекеттік қолдау бар

Қаланың Индустриалды аймағында 2,9 мың жұмыс орны құрылды

Алматыда Индустриалды аймақтың нысандары бойынша баспасөз туры өтті. Бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері Teplostil ЖШС қасбеттік жылу панелін өндіретін зауытты, «Hyundai Trans Kazakhstan» автокөлік құралдарын өндіретін зауытты, «Бижан» ет өңдеу зауытын, «Әлмерек» медициналық бұйымдар зауытын, «Ala Estate» өнеркәсіптік паркін барып көрді.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Баспасөз туры Teplostil ЖШС өндірісін барып көруден басталды. Ол жыл сайын 240 000 шаршы метр қасбеттік жылу панелін, күшейтілген полистирол көбіктен жасалатын сәндік бұйым шығарады. Жобаның құны 800 млн теңгені құрайды, кәсіпорында 30 адам жұмыс істейді.

Екінші нысанда бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері Hyundai Trans Kazakhstan автокөлік құралының өндірісімен танысты. Кәсіпорын ағымдағы жылы Hyundai Bayon ықшам қалалық кроссоверінің пилоттық партиясын шығаруға кірісті. Қазіргі уақытта зауыт шағын түйін әдісімен шанағын дәнекерлеп және бояп, Hyundai автокөлік құралының – Sonata, Elantra, Santa Fe, Palisade, Tucson, Staria, i30, Bayon, сондай-ақ Tucson, Accent секілді 10 үлгісін шығаруда. Кәсіпорынның қуаттылығы жылына 45 мың бірлік. Зауытта 800-ден астам маман жұмыс істейді.

«Астана Моторс» портфеліндегі №1 бренд – Hyundai. Биылғы тоғыз ай ішінде компанияның еншілес кәсіпорны – Алматыдағы Hyundai Trans Kazakhstan зауыты отандық нарық үшін 20 680 автокөлік өндірген. Жыл соңына дейін Hyundai Trans Kazakhstan қазақстандық тұтынушылар үшін тағы 10 мың автокөлік шығарады, ал 2023 жылы ішкі нарық үшін өндіріс жоспары 40 мың автокөлікті құрайды.

Әлемдік көлік нарығының тарихында бұрын-соңды болмаған ең ауыр дағдарыс орын алып тұр. Геосаяси ахуал жартылай

өткізгіштер тапшылығын және логистика проблемасын біршама шиеленістіріп жіберді. Ірі автокөлік концерндері бүкіл әлем бойынша өндірісті азайтып келеді. Мысалы, Оңтүстік Кореяда 2022 жылдың сегіз айы ішінде 2021 жылдың дәл осы кезеңімен салыстырғанда Hyundai автокөліктері 12,7% кем сатылған, сондай-ақ Hyundai автокөлігіне кезекке тұру 2-2,5 жылды құрады.

Бекнұр НЕСПБАЕВ,
«Астана Моторс» компаниясының
бас директоры:

– Бүгінгі таңда компаниядан шығарылатын автокөлік түрлері көбеюде. Өткен жылы Қазақстан нарығына 22 500 автокөлік сатылған болса, осы жылы 29 000 автокөлікті нарыққа шығарамыз деген ойдамыз. 1 ай бұрын қытайлық 3 үлкен зауытпен келісім-шартқа қол қойдық. Алматыдағы индустриалды аймақта жаңадан тағы бір зауыт салынады. Ол зауыт қазіргіге қарағанда 3 есе үлкен, 90 мың автокөлік шығарылатын болады. Әр автокөлік дәнекерлеу және бояу әдісімен шығады. Құрылысы қараша айында басталып, 2 жылда бітеді деген жоспар бар. Зауытта 2200 жаңа жұмыс орны ашылады. 100 млрд теңгеден астам инвестиция құйылады, 90 мың автокөліктің 60 пайызға жуығы шетелге экспортталады.

Сондай-ақ, БАҚ өкілдері «Бижан» ЕОЗ» ЖШС қызметімен танысты. Жыл сайын ет өңдеу зауыты Индустриалды аймақта 5 мың тоннадан астам өнім өндіреді, шұжық өнімдері мен жартылай дайын өнімдері атауының 100-ден астам түрі бар. Кәсіпорында 250 жұмыс орны құрылған.

«Отандық өнімді қолдау бірінші кезектегі мәселе. Зауытта 250-ден астам адам жұмыс істейді. 1998 жылы нарыққа шыққан зауытта алғаш рет 8 қызметкер еңбек етті. Индустриалды аймақтағы зауыт 2020 жылы іске қосылды. 80 түрлі ет өнімдерін шығарады. Қазақстан нарығын өзіміздің өніммен қамтамасыз ету – басты мақсатымыз», – дейді «Бижан» ЕОЗ» ЖШС бас директоры Хадиса Нұртайқызы.

«Әлмерек» ЖШС бір рет қана қолданылатын медициналық мақсаттағы бұйымдар өндіретін зауыт – экспортқа бағытталған кәсіпорын. Отандық өндіруші өнімді сатуды Қазақстанның барлық өңірлеріне ғана емес, сонымен қатар, ЕуроАзиялық экономикалық одақ елдерінің нарығына шығуды жоспарлап отыр. Бүгінде кәсіпорын жылына 28 млн



Суретті түсірген Саяп СЫРҚАЙҰЛЫ.

«АҚШАМНЫҢ» АНЫҚТАМАСЫ:

Алматы Индустриалды аймағы жеке кәсіпкерлікке мемлекеттік қолдау көрсету мақсатында құрылды және Алматы қаласында өнеркәсіптің басым салаларын (машина жасау, тамақ, жеңіл, фармацевтика, химия өнеркәсібі, логистика, құрылыс материалдарының өндірісі) дамыту үшін көзделген. Бұл ретте өнеркәсіп кәсіпорындарын қаланың тұрғын ауданынан басқа жаққа қайта орналастыруға, технологиялық, инновациялық өнімдер шығаруға, импортты ауыстыруға бағытталған инвестициялық жобаларға басымдық беріледі. Өнеркәсіптік аймақ аумағында барлық қажетті инфрақұрылым – газбен қамтамасыз ету, сумен қамтамасыз ету, электр энергиясы, кәріз құбыры, нөсер кәрізі, интернет, кәбілдік телефония, жол желісі бар, «Индустриалды» жеке теміржол станциясының құрылысы жүргізілуде.

бірлік өнім шығарады, 50 жұмыс орны құрылды.

Барып көрудің тағы бір нысаны «Ala Estate» өнеркәсіптік паркі болды, онда бүгінгі күні отандық дайындаушылардың бөлме-аралық есіктерінің өндірістері («LePorte M» ЖШС және «Абсолют Флор» ЖШС) және «Qulripau» ЖШС кондитерлік компаниясы орналастырылған. Ауданы 4,3 мың шаршы метрді құрайтын өнеркәсіптік парк шағын және орта бизнес субъектілеріне 1 шаршы метрі үшін 1200 теңге мөлшерінде жеңілдетілген, бекітілген жалға алу мөлшерлемесі бойынша дайын инфрақұрылыммен дайын өндірістік үй-жайлар береді. Жоба 140 жаңа жұмыс орнын құруға мүмкіндік берді. Бүгінде Алматы Индустриалды аймағында жеке

инвестициясы 119,8 млрд теңгені құрайтын 20 жоба іске асырылды, 647,5 млрд теңгеге өнім өндірілді, 20,7 млрд теңге салық аударымдары төленді, 2913 жұмыс орны құрылды.

2022 жылы 65 жұмыс орны құрыла отырып, сомасы 4,6 млрд теңгені құрайтын «Каз-Диа-Тест» ЖШС зауыты іске қосылды. Жылдың соңына дейін 211 жұмыс орнын құра отырып, жалпы сомасы 6,8 млрд теңгені құрайтын 5 кәсіпорынды («VALTHERM», «City Stone», «TEPLOSTIL», «Stroy Production», «ЭлектроБар») іске қосу жоспарланып отыр. Бұдан басқа, 2022 жылы жеке инвестицияның жалпы сомасы 1,5 млрд теңгені құрайтын, жалпы алаңы 15 300 шаршы метр болатын 4 шағын өнеркәсіптік паркті іске қосу жоспарланып отыр.

ЖАҢА БАҒДАРЛАМА

Жаңа белеске қол жетті

Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің базасында EMBA/MBA бағдарламасының ресми ашылуы офлайн/онлайн форматта болып өтті. Бұл Қазақстандағы азық-түлік өнімдерін өндіру/қайта өңдеу, агробизнес және ауыл шаруашылығы кәсіпкерлігі саласында болашақ мамандар мен кәсіпкерлерді даярлауға бағытталған тұңғыш инновациялық жоба.



EMBA/MBA бағдарламасының ашылу салтанатына арналған конференцияға ҚР АШМ «Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы» КеАҚ басқарма төрағасы Дархан Балпанов (онлайн қосылды), ҚазҰАЗУ басқарма төрағасы-ректордың м.а., академик Қанат Тіреуов, EMBA/MBA бағдарламасының негізін қалаушы профессор Рафис Абазов, проректорлар мен профессор-оқытушылар құрамы, шетелдік қонақтар – АҚШ-тың Алматыдағы Бас консулы Каролин Саваж ханым, БҰҰ-ның Қазақстандағы ақпараттық кеңсесінің директоры Властимил Самек, Түркияның Алматыдағы елшілігінің вице-консулы Шермин Текин және тағы басқа да жауапты тұлғалар қатысып, сөз сөйледі.

Бұдан кейін «Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы» КеАҚ басқарма төрағасы Дархан Балпанов ҚР Ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашөкеевтің арнайы құттықтауын жеткізді. «Біз Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің Қазақстанда алғашқы болып EMBA/MBA бағдарламасын енгізу бастамасын қолдаймыз. Бұл тың бағдарлама студенттерге жоғары білім

берумен қатар, ғылымды дамытуға, бизнесті және жалпы ауыл шаруашылығын өркендетуге зор ықпал ететініне сенеміз. Халықаралық бизнес-білім беру нарығында бәсекеге қабілеттілікті арттыруды, әлемдік тәжірибелерді елімізде таратуды басты мақсат тұтатын инновациялық көзқарасы бар шетелдік және отандық бизнес-тренерлердің қатысуымен жүзеге асырылатын жаңа бағдарламаға ақ жол тілейміз! – деді Дархан Балпанов.

АҚШ-тың Алматыдағы Бас консулы Каролин Саваж ханым өз сөзінде ауыл шаруашылығы жақсы дамыған штатта туып-өскенін және азық-түлік өндіру мәселесінің әлемдік деңгейдегі проблема қатарында қаралатынын айта келіп, Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің EMBA/MBA аясындағы жаңа бастамасы барша агросектордың дамуына, осы салада келешекте қызмет атқаратын білікті мамандардың жан-жақты терең білімді, жақсы кадрлар болып шығуына тікелей жол ашатынын атап өтіп, сәттілік тіледі.

Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

НЕ БАЙҚАДЫҢИЗ?

Ағаштарға мұз қатқан

Естеріңізде болса, өткен аптада әлеуметтік желіде Алматыдағы Тұңғыш Президент саябағында 1 қазан күні түсірілген бейнежазба тараған болатын. Онда ауа райы әлі суық қоймаса да, ағаштардың бір бөлігіне мұз қатқаны көрсетілген. Саябақты аралап жүрген көпшілік бұл құбылысқа таңқалып жатса, желі қолданушылары мұны ерекше тылсым жағдай деп түрлі болжамдар жасады.

Табиғаттың бұл ерекше құбылысы жайында Алматы әкімдігінің баспасөз қызметі түсінік беріп, бұл жағдайдың түнде суаратын құрылғылар істен шыққан кезінде орын алғанын айтты. «Саябақтың қызмет көрсету ұйымының мәліметі бойынша, түнде суару жүйесі бұзылып, ағаштарға су шашыраған. Таңертең ауа райына байланысты ағаштарға мұз қатқан. Қазіргі кезде суару жүйесі қалпына келтірілді», – деп мәлімдеді әкімдіктен.

Құралай ЖҰМАДІЛОВА.





РЕСМИ БӨЛІМ

Алматы қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 5 қазандағы №4/521 қаулысы
Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде
2022 жылдың 13 қазанында №30133 тіркелген

2022-2023 оқу жылына арналған техникалық және кәсіптік, орта білімнен
кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру
тапсырысын бекіту туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік бас-
қару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 37-бабына және Қазақстан Республикасының
«Білім туралы» Заңының 6-бабы 3-тармағының 7-3) тармақшасына сәйкес Алматы қаласының
әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2022-2023 оқу жылына арналған техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі
бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы осы қаулының қосым-
шасына сәйкес бекітілсін.

2. «Алматы қаласы Білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамамен
белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;
2) осы қаулының Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын
қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орын-
басарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданыс-
қа енгізіледі.

Алматы қаласының әкімі **Е.ДОСАЕВ**

Алматы қаласы әкімдігінің
2022 жылғы 5 қазандағы
№4/521 қаулысына қосымша

2022-2023 оқу жылына арналған техникалық және кәсіби, орта білімнен
кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру
тапсырысы

№	Мамандық коды	Мамандық атауы	Мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі	Жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыруға сәйкес бір оқу жылында бір білім алушыны (маманды) оқыту шығындарының орташа құны, теңге	Жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыруға сәйкес бір оқу жылында арнайы білім беру қажеттілігі бар бір білім алушыны (маманды) оқыту шығындарының орташа құны, теңге
1	2	3	4	5	6
1	01 Білім				
1	01120100	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	225	420162	-
2	01140100	Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі	300	420162	-
3	01140500	Дене тәрбиесі және спорт	125	420162	-
4	01140600	Негізгі орта білім берудегі тіл мен әдебиетті оқытудың педагогикасы мен әдістемесі	250	420162	-
5	01140700	Информатика	50	420162	-
2	02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар				
6	02110100	Операторлық өнер	75	420162	-
7	02110300	Графикалық және мультимедиялық дизайн	150	454625	-
8	02110400	Баспа ісі	225	454625	-
9	02110500	Полиграфиялық және орау өндірісінің технологиясы	250	454625	-
10	02120100	Интерьер дизайны	100	454625	-
11	02120200	Киім дизайны	75	454625	-
12	02140100	Сәндік қолданбалы және халықтық кәсіпшілік өнері (бейін бойынша)	25	454625	-
13	02210100	Исламтану	50	420162	-
3	03 Өлеуметтік ғылымдар және ақпарат				
14	03220200	Басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету және мұрағаттану	25	425464	-
4	04 Кәсіпкерлік, басқару және құқық				
15	04120200	Бағалау (түрлері бойынша)	75	425464	-
16	04130100	Менеджмент (қолдану салалары бойынша)	250	425464	-
17	04130200	Логистика (салалар бойынша)	50	425464	-
18	04140100	Маркетинг (салалар бойынша)	625	425464	-
6	06 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар				
19	06120100	Есептеу техникасы және ақпараттық желілер (түрлері бойынша)	433	425464	850928
20	06120200	Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері	200	425464	-
21	06130100	Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)	1425	425464	-
7	07 Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары				
22	07130100	Электр жабдықтары (түрлері және салалары бойынша)	275	454625	-
23	07130200	Электрмен қамтамасыз ету (салалар бойынша)	75	454625	-
24	07130300	Жылу электр станцияларының жылу энергетикалық қондырғылары	50	454625	-
25	07130600	Теміржолдың электротехникалық жүйелерін электрмен жабдықтау, пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету	125	454625	-
26	07130700	Электромеханикалық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану (түрлері және салалары бойынша)	275	454625	-
27	07140100	Технологиялық процестерді автоматтандыру және басқару (бейін бойынша)	50	425464	-
28	07140200	Өндірістің автоматтандырылған жүйелеріне қызмет көрсету және жөндеу (салалар бойынша)	50	454625	-

29	07140400	Робототехника және кірістірілетін жүйелер (салалар бойынша)	25	425464	-
30	07140500	Саңдық техника (түрлері бойынша)	75	425464	-
31	07140600	Медициналық техниканы монтаждау, техникалық қызмет көрсету және жөндеу	25	454625	-
32	07140700	Автоматика, телемеханика және темір жол көлігіндегі қозғалысты басқару	225	425464	-
33	07140900	Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар	500	425464	-
34	07141000	Пошта байланысы	150	425464	-
35	07150100	Машина жасау технологиясы (түрлері бойынша)	25	454625	-
36	07150300	Токарлық іс (түрлері бойынша)	65	454625	-
37	07150500	Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша)	200	454625	-
38	07150900	Тоңазытқыш-компрессорлық машиналар мен қондырғыларды пайдалану мен монтаждау	25	425464	-
39	07151000	Полиграфиялық өндіріс жабдықтарын пайдалану және жөндеу	25	454625	-
40	07151100	Машиналар мен жабдықтарды пайдалану (өнеркәсіп салалары бойынша)	90	454625	-
41	07160100	Радиоэлектронды көлік жабдықтарын пайдалану және техникалық қызмет көрсету (көлік түрлері бойынша)	75	454625	-
42	07160500	Теміржолдың жылжымалы тартқыш құрамын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету	175	454625	-
43	07160600	Темір жолдың вагондар мен рефрижераторлы жылжымалы құрамын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету	100	454625	-
44	07160800	Жердегі авиациялық радиэлектронды жабдықтарды техникалық пайдалану	25	454625	-
45	07161000	Әуе кемесіне техникалық қызмет көрсету және жөндеу	100	454625	-
46	07161300	Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану	1125	454625	-
47	07210100	Ет және ет өнімдерін өндіру	25	454625	-
48	07210300	Нан пісіру, макарон және кондитер өндірісі	375	454625	-
49	07210600	Сыра, алкогольсіз сусындар және спиртті ішімдіктер өндірісі	50	454625	-
50	07211300	Тағам өндірісінің технологиясы	175	454625	-
51	07221400	Жиһаз өндірісі	117	454625	-
52	07230100	Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу	583	454625	909250
53	07231000	Аяқ киім ісі	8		850928
54	07310100	Архитектура	175	454625	-
55	07310200	Геодезия және картография	50	454625	-
56	07310300	Жерге орналастыру	25	425464	-
57	07310400	Дизайн, азаматтық ғимараттарды жобалау, қалпына келтіру, қайта құру	25	454625	-
58	07320100	Ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану	345	454625	-
59	07320700	Автомобиль жолдары мен аэродромдар құрылысы және пайдалану	50	454625	-
60	07320800	Теміржол құрылысы, жол және жол шаруашылығы	75	454625	-
61	07320400	Жылжымайтын мүлікті басқару	25	425464	-
62	07321100	Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерінің инженерлік жүйелерін монтаждау және пайдалану	25	454625	-
63	07321200	Газбен қамтамасыз ету жабдықтары мен жүйелерін құрастыру және пайдалану	25	454625	-
64	07880100	Стандарттау, метрология және сертификаттау (салалар бойынша)	75	420162	-
8	08 Ауыл, орман, балық шаруашылығы және ветеринария				
65	08110100	Агрономия	25	425464	-
66	08120100	Бақ-саябақ шаруашылығы	60	454625	909250
67	08210100	Орман шаруашылығы	25	425464	-
68	08410100	Ветеринария	50	425464	-
9	09 Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету				
69	09120100	Емдеу ісі	200	348445	-
70	09130100	Мейіргер ісі	691	348445	-
71	09130200	Акушерлік іс	25	348445	-
72	09140100	Лабораториялық диагностика	75	348445	-
73	09140200	Медициналық оптика	25	348445	-
74	09160100	Фармация	25	348445	-
75	09880100	Гигиена және эпидемиология	25	348445	-
10	10 Қызметтер				
76	10110100	Бұйымдарды химиялық тазалау және бояу	25	425464	-
77	10120100	Шаштараз өнері	438	454625	909250
78	10130100	Конақүй бизнесі	250	425464	-
79	10130200	Тамақтану саласында қызмет көрсетуді ұйымдастыру	50	425464	-
80	10130300	Тамақтандыруды ұйымдастыру	900	454625	-
81	10150100	Туризм	375	425464	-
82	10410100	Әуе тасымалдауларын ұйымдастыру	50	425464	-
83	10410200	Темір жолкөлігінде тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару	325	425464	-
84	10410300	Автомобиль көлігінде тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару	125	425464	-
85	10410400	Жол қозғалысын ұйымдастыру	50	425464	-



ГАЗ ЖӘНЕ ОНЫ ПАЙДАЛАНУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Тыйым салынады:

- пешті пайдалануға балаларды және өз ісіне жауап бере алмайтын, пешті пайдалану ережелерін білмейтін өзге адамдарды жақындатуға
- пеш қондырғыларына өз еркімен өзгеріс енгізуге және жөндеуге
- бекітілген иінтірегін клапан батырмасына күштеп тартуға, себебі бұл қауіпсіздік автоматикасын істен шығарып, қайғылы оқиғаларға себеп болады
- газ плиталарын үйді жылыту үшін қолдануға
- желкөз және желдеткіш каналдар жабық тұрған кезде, қаланған кірпіштердің тұтастығы бұзылғанда, сылақ жарылғанда және мұржадан түтін тартпағанда пештерді пайдалануға
- газ жабдықтары орнатылған бөлмелерде ұйықтауға және демалуға
- жанарғыны өз еркімен бұзып, қайта орнатуға
- қолдан жасалған пештерді өз күшімен орнатуға, пайдалануға

Газ тұтыну жабдықтарын пайдалану кезінде газдан ажырату автоматикасымен табиғи және тұншықтырғыш газдың шығуын сезетін сигнал берушілерді орнатыңыздар.



ӨТКЕН ЖЫЛҒЫ МАУСЫМЫНДА

153 АДАМ ЗАРДАП ШЕКТІ
50 АДАМ ҚАЙТЫС БОЛДЫ

ЕСТЕН ШЫҒАРМАҢЫЗДАР!

Жарылыс немесе өртке себеп болған газ жабдықтарын пайдаланудың қауіпсіздік ережелерін сақтамау іс барысындағы заң бойынша жауапкершілікке тартуға негіз болады!

ПӘТЕРДЕ ГАЗ ИІСІ СЕЗІЛСЕ:

1. Жедел түрде барлық газ крандарын жабу керек
2. Бөлмені желдету керек
3. Ашық отты, электр құралдарын пайдалануға тыйым салынады
4. 104 телефоны бойынша апат қызметін шақыру керек.

ТҮНШЫҚТЫРҒЫШ ГАЗБЕН УЛАНУ БЕЛГІЛЕРІ (СО көлемі)

0,08% Жеңіл

Бас ауру, түншығу, бас айналу, кеуденің ауруы, құрғақ жөтел, жүректің айнуы, құсу, түрлі елестер, қан қысымының көтерілуі

0,32% дейін Орташа

Қозғалудың қиындауы, естен тану

1,2% жоғары Ауыр

Ауа жұтқаннан кейін естен тану, сіңірдің тартылуы, тыныс алудың бұзылуы (адам 3 минутқа жетпей көз жұмады)



- Дәрігер шақыру

- Дәрігер келгенге дейін. Жеңіл уланған жағдайда мүсәтір спиртін іскетіп, кофе немесе қызыл шай ішкізу керек.

- Уланған жағдайда далаға шығару керек. Еркін тыныстауға кедергі келтіретін киімді шешіп, жайлы жерге жатқызу керек. Қажет болса қолдан дем алдыру қажет



ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Манғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

- * мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;
- * бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
- * әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де,
ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

Жазыл да, ұтып ал!

Құрметті оқырман!

2023 жылға баспасөзге жазылу басталды. «Almaty aqshamy» газеті тұрақты оқырмандарымыз бен жаңа оқырмандарымызды редакцияның «Жазыл да, ұтып ал!» атты байқауына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

«Almaty aqshamy» газетіне 2023 жылға бір жылға жазылу керек.

2022 жылдың 25 желтоқсанына дейін газетке жазылғаны жөніндегі түбіртектің көшірмесін «Жазыл да, ұтып ал!» деген белгісі бар конвертке салып, редакцияға жолдаңыз. **Редакцияның мекенжайы:** ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масанши көшесінің қиылысы), №21 бөлме, тел.: 8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61, немесе сканерленген жазылу түбіртегін (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») almaty.aqparat@mail.ru электронды адресіне жіберу керек.

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңізді және мекенжай мен байланыс телефонның көрсетіңіз.

Қай жерде жазылуға болады?

«Казпочта» АҚ барлық бөлімшелерінде, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС.

2023 жылға бір жылдық жазылу қанша тұрады?

Жекелеген оқырман үшін (жазылу индексі 65503) – 7206,00 теңге.

ҰОС ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектігі бар тұлғалар мен көпбалалы аналарға (жазылу индексі 95503) – 5286,00 теңге.

Тек бір жылға толық жазылған оқырмандар ғана қатыса алады.

Сыйлықтар 2023 жылдың 24 ақпанында «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімі 2023 жылдың 2 наурызындағы газет санында жарияланады.

Сәттілік серік болсын, құрметті оқырман!

Анықтама телефондары: 8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61

2022 жылғы 21 қарашада, сағат 11.00-де Алматы қ., 7-көше, 130-үй мекенжайы бойынша орналасқан «АлЭС» АҚ 2-ЖЭО аумағында, химиялық цехтың акт залында (307-каб.) 2-ЖЭО үшін 2023–2026 жылдарға «Атмосфералық ауаға жол берілетін шығарындылар нормативтері» мен «Қалдықтарды басқару бағдарламасы» жобалары бойынша ашық жиналыс түріндегі қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен жағдайда ғана жүргізіледі. Тіркеу талқылау басталғанға 60 минут қалғанда басталады.

Тыңдауларға қатысу үшін ZOOM платформасында келесі сілтемеге өту керек <https://us05web.zoom.us/j/5605704660?pwd=VnZL3N6QVp0d1lSWXNwZ05GNjllZD09>,

конференция сәйкестендіргіші: 560 570 4660, кіру коды: 7KLer7.

Жобаға тапсырыс беруші: «АлЭС» АҚ, заңды мекенжайы: Алматы қ., Достық даңғылы, 7, БСН 060640001713, байланыстағы тұлға: Арзюкова Зоя е-mail: zarzyukova@ales.kz, 8 (727) 254-03-27, 254-03-29.

Жобаны әзірлеуші: «GREENESTA» ЖШС, заңды мекенжайы: Алматы қ., Байтұрсынов көшесі, 46-ғимарат, 35-кеңсе, БСН 190140016353, байланыстағы тұлға: Сматаев Жаннұр, 8 700 719 56 57.

Жергілікті атқарушы орган – «Алматы қаласының Экология және қоршаған орта басқармасы» ММ, тел. 8 (7272) 972-18-39, 8 708 972 18 39.

Жоба бойынша құжаттама БЭП <https://ecoportal.kz/> және ЖАО сайтына <https://www.gov.kz/memleket/entities/almaty-eco/contacts?lang=ruu.Prirp@almaty.gov.kz>, «Қоғамдық тыңдаулар» бөліміне орналастырылды.

Қағаз түріндегі жоба материалдарымен танысуға болатын мекенжай: Алматы қ., Достық даңғылы, 7, электрондық поштасы: e-mail: zarzyukova@ales.kz.

Ақпарат алуға және құжаттар көшірмесімен танысуға болатын электрондық мекенжай және телефон нөмірі: e-mail: zarzyukova@ales.kz, 8 (727) 254-03-27, 254-03-29.

Мүдделі жұртшылықтың ескертулері мен ұсыныстары келесі мекенжайда қабылданады: Алматы қ., Әуезов к-сі, 4, «Алматы қаласының Экология және қоршаған орта басқармасы» ММ, тел.: 8 (7272) 972-18-39, 8 708 972 18 39, электрондық мекенжайы: u.prirp@almaty.gov.kz.

ВАКАНСИЯ

Жалпықалалық бос орындар жәрмеңкесі өтеді

19 қазанда, сағат 11.00–де Алматы қаласында «Арбат» (Жібек жолы–Панфилов) мекенжайында Жалпықалалық бос орындар жәрмеңкесі өтеді. Жәрмеңкені Алматы қаласы әкімдігінің техникалық қолдауымен «Алматы қаласы әкімдігінің Халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ ұйымдастырады.

Жәрмеңке өткізудің мақсаты – жастар мен оқу орындарының түлектеріне, жалпы жұмыс іздеушілерге жұмыс орындарын ұсыну және олардың жұмысқа орналасуына жәрдемдесу, сондай-ақ лайықты үміткерлерді тарту арқылы жұмыс берушілерге де жақсы маман табуға септесу.

Жәрмеңкеге өнеркәсіп, өндіріс, сауда желілері, тамақтану, медицина, фармацевтика, білім беру салалары бойынша жұмыс берушілер қатысады. Жәрмеңкеде жұмыс берушілер ізденушілермен кездеседі, ал ізденушілер қойылған талаптар мен бос жұмыс орындармен танысады. Өтініш берушілер түйін-

демені жіберуге және сол жерде алдын ала сұхбаттасуға мүмкіндік алады.

Тіркеу уақыты сағат 10.00-де. Жұмыс берушілердің өтініштерін қабылдау үшін төмендегі поштаға prgm@cz-almaty.kz жіберуіңізді сұраймыз және осы +7 708 522 44 35 нөмірі бойынша хабарласыңыз.

Толығырақ ақпарат алу үшін Алматы қаласы әкімдігінің Халықты жұмыспен қамту орталығына, Достық даңғылы, 85 мекенжайы бойынша хабарласу қажет.

**Тел.: +7 (727) 310-21-31;
Электрондық пошта:
info@cz-almaty.kz**

Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР
тел.: 232-36-54.

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСҚАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама бөлімінің менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@vecher.kz

Тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
тел.: 232-36-51. e-mail: aliya.yesimkhanova@bk.ru

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына: +7 707 932 39 18 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663
Кезекші редактор –
Айнұр СЕНБАЕВА

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №KZ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортындағы жолаушыларға қолжетімді.



«Қарашығымда – қала тұр»



Рая
ЕСКЕНДІР

Мыңжылдық тарихы бар көркем қаланың тіл жетпес сұлулығын қалам тілімен сөйлетіп жүрген Инжу Меңдіғали О.Таңсықбаев атындағы сәндік-қолданбалы өнер колледжінің 4-курсында оқиды.

Қазіргі кезде Инжудің қаламынан шыққан көркем туындыларын қала көрмелерінен жиі көруге болады. Жас суретшінің бояуы қанық, мазмұны анық туындыларының басты тақырыбы – шаруақор шаһардың тынымсыз тіршілігі. Айтпақшы, жақында Инжудің «Қарашығымда – қала тұр» атты суреттер топтамасы 70-ке жуық кәсіби суретші қатысқан Алматы қаласы музейлер бірлестігі, Жас суретшілер одағы мен қала әкімшілігінің қолдауымен өткен «Мың бояулы қала» атты пленэр-байқауында 1-орынды жеңіп алып, 500 000 теңгеге ие болған еді. Қазір жас суретші «Күзгі көркем қала» атты жаңа жұмысын бастап жатыр.

ӨМІРДІҢ ӨЗІ



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

КІШКЕНТАЙ ДОС



КЕШЕ. Демалыста үйде өзіміз бар, сіңлімнің бала-шағасы бар, бәрі күздің жаймашуақ күнінде аулада асыр салып ойнап жүрген. Отағасы күйеубаламен қақпаны ашып тастап шаруалар істеп жатқан.

Үйімізде ит жоқ. Жерүйде тұрып жатқанымызға үш жылдан енді асты.

Үйде ит болмаған соң темір қақпаның астынан сыртқа қарай шығарып қоятын итаяғымыз бар, көршілердің итінің бәрі бізге келіп кетеді.

Сол табақтың қасынан сүп-сүйкімді үш күшіктің пайда бола қалғаны. Шүпірлеп, құйрықтары бұлғаңдап, бірінің үстіне бірі асыла кетіп, таласа-тармаса тамақты жеп жатыр. Балалар қызық көріп солай қарай ұмтылды. Күшіктер у-шудан қашты. Балалар жамырай қайта жүгірді оларға қарай.

– Әке-е-е, біреуін асырап алайықшы! – деп «Күміс қасығым» үйге қарай жүгірді.

Сөйтіп, үшеудің ішіндегі «ұлын» ұстап алып, үйге әкелдік. Бала да мәз, күшік те мәз, бірден ойнап кетті. Күйеубала айтты, «мықты ит болады, қорқып-үркіп, қыңсылаған да жоқ».

Атын бірден Сырттан қойдық. Сырттан келді ғой енді.

Таңертең төсектен тұра салып күшікке жүгіреді балалар. Екі күн өтті. Ешкім, не енесі де келген жоқ. «Болды, біздікі» деп қоямын ішімнен. Иттің жәйін мүлдем білмеймін, қайдан білейін, иесі іздеп келе ме деп жүргенім ғой қысылып.

Үшінші күні таңертең күшік жоқ, мойын тұсына жалғанып байланған бөтенкеңің бауын енесі үзіп жіберіп, ертіп алып кетіпті. Кешке дейін таңқалып жүрдім, ит екеш ит те баласын қимай жүр деп. (Қазір балаларын тастап қала жағалап кеткен қазақ әйелдері көбейді емес пе).

Үйде үнсіздік орнады. Көңілсізбіз. Ешкім ешкімге сөйлемейді. Аяғына оратыла кететін сүйкімді күшікке бауыр басып қалыппыз. Қимастық бар.

Бір кезде жолдасым мен «Алтын асығым» бірінен соң бірі үйге кірді. Жүздерінде алаңдаушылық бар. Сөйтсем, бір-біріне айтпай, «күшік жоқ» дегеннен бірі арғы,

екіншісі бергі көшені түгел шарлап келіпті. Күшік еш жерде жоқ. Болды. Үміт үзілді. Иесіз қаңғып жүрген ит балаларын ертіп алысқа кетіп қалды-ау дедім іштей.

Онлайн-сабағы біткен «Күміс қасығым» шай-тамағын ішіп болып, ойнауға шықты. Үш-төрт сағат өткен. Бір кезде күшігімізді бауырына қыса құшақтап алып кіріп келе жатыр. Қуанышты. Біздің де қуанғанымыз-ай!

– Ойнап жүр едік, сонадайдан кө-ө-п күшіктерді көргендей болдым. (Күшіктің кетіп қалғаны әлі де ойында жүргені ғой сонда). Сосын Айбекке «жүрші, көріп келейікші ана жақты» дедім. Бардык. Ішінде менің де күшігім жүр екен. Айбек жарты жолға дейін көтерісіп келді, сосын өзім көтеріп алдым, – деп мақтанып тұр.

Қазір Сырттанға үйшік жасап қойдық. Астына жылы төсеніш төседік. Бізге үйреніп кетті, есік ашылса елеңдеп тұрады. Тірі жан, жүрегің елжірейді кәдімгідей.

БҮГІН. Сырттанның үйге келмегеніне екі күн болды. Алаңдай бастадық. Сүйек-саяқ та жөлінбей тұр.

Бүгін дәріханаға шығып келе жатып,

үлкен күрежолдың бойында жатқанын көріп қалдым. Қимылсыз. Жанына таяу баруға дауаламай (егер біздің Сырттан болса кайтеміз деп, жүрегімді сақтаған түрім):

– Сырттан, Сырттан, – деймін де, құлағына қараймын. Менің даусымды естіп, құлағын тігіп, белгі бере ме дегенім. Әдетте дәл солай ұйықтап жататын. Жоқ, ұйықтап жатқан жоқ екен, өліп қалыпты. Көлік қағып кеткен секілді.

Жүрегім ауырды. Қимастық болды көңілімде. «Байлаусыз, емін-еркін жүрді ғой, көршілердегі шынжырлы, байлаулы иттерге қарағанда. Күшігі де, тамақ беретін, еркелететін иелері де, жылы үйшігі де болды ғой», – деп өз-өзімді жұбатқан болдым. Солай. Сырттан бізбен тура екі жыл дос болыпты. Осыдан екі жыл бұрын дәл осы қазан айында асырап алған едік.

– Тағы күшік асырайықшы, әке! Бірақ байлап қояйық, сонда далаға қаңғып кетпейді, көліктер қағып кетпейді, балалар да тас лақтырып ренжітпейтін болады, – деді «Күміс қасығым».

Енді әкесі күшік сатып аламын деп отыр базардан. Баланың жүрегі тыныш болса, көңілі биік болса, ата-ана үшін сол бақыт!

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

МӘДЕНИ БАЙЛАНЫС

Түркі тілді елдер баспагерлерінің одағы құрылды

Әзербайжан астанасында өткен VIII Баку халықаралық кітап жәрмеңкесі аясында түркітілдес елдердің баспа бірлестіктері арасында кездесу өтті. Жиынға Әзербайжан, Түркия, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан елдерінің баспагерлері қатысты.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Әзербайжан Баспагерлер қауымдастығының (ANAIB) басқарма төрағасы, филология ғылымының докторы Шамиль Садық түркі елдерінің баспа одағын құру қажеттігі туралы айтып өтті: «Бұл одақ кітап индустриясының дамуына зор үлес қосудан қатар, елдеріміз арасындағы мәдени көпір рөлін атқаратын болады. Біз Ыстамбұлда болғанымызда қымбатты досымыз Мұстафа Гарагуллоғлымен осы тақырыпты талқылап, осы мақсатқа жету үшін күш біріктірудің маңыздылығын талқыладық».

Ш.Садық кездесудің қазан айында дүниеге келген ұлы ойшыл Хусейн Джавидтің мерейтойына орай ұйымдастырылғанын да айта келіп: «Хусейн Джавид өз шығармашылығымен ортақ түркі тілін жасауға тырысты. Ұлы ұстаздың басты мақсаты бір өлеңінде: Мәдениет, мәдениет, тек мәдениет – Тұран үшін ұлы күш қылыштан өткір!» делінген. Сөз соңында төраға бұл одақтың құрылуы түркі әлеміндегі мәдени байланыстар үшін маңызды жаңалық болатынын айтты.



Одан кейін Түркия Баспагерлер қауымдастығының басқарма төрағасы Мұстафа Гарагуллоғлы алдымен Ташкентте, кейін Бакуде өткен отырыстарда жүргізілген пікірталастарға сүйене отырып, мұндай одақ құруға мемлекеттердің де мүдделі екенін айтты: «Қонақ Түркияда өткізілген Ыстамбұл Publishing Fellowship бағдарламасының елі 2021 жылы Әзербайжан және 2022 жылы Венгрия болды. Өзбекстан келер жылдың наурыз айында шараның қонағы болады. Қазақстан мен Қырғызстан алдағы жылдарда қонақ елдер ретінде жоспарлануда».

кездесулерін ұйымдастыру ұсынылды. Өзбекстан Баспагерлер және кітап саудагерлері одағының төрағасы Әркін Абдурахманов мұндай кездесулердің жиі өткізіліп тұруының маңыздылығын айтып, түркітілдес елдер баспалары арасында, әсіресе, ақпарат алмасу саласында ынтымақтастық орнату қажеттігін айтты. Шәміл Садық Түркі әлемі баспагерлер одағының бір жыл мерзімге уақытша төрағасы етіп «Алтын Китаб» баспасының директоры, ф.ғ.д. Рафик Исмаиловты сайлау туралы ұсыныс жасап, бұл кандидатура бірауыздан қабылданды.